77	Барлық Қарақат	5 кл	III орын	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушылары арасындағы республикалық олимпиаданың кезеңінде (қалалық)	Қалалық
78	Жаңабаева Назерке	5 кл	Алғыс хат	Үйірмешілер арасындағы "Туризм қырандары" спорттық-туристік жарыс	Қалалық
79	Шопыров Мәдияр Нұрпейісұлы	4 б класы	3 орын	"Алтын сақа" қалалық олимпиадасында	Қалалық
80	Камбар Диас Абатулы	4 а класс	III орын	Республикалық федерация таеквондодан	Қалалық
81	Киікбай Карина	4 а	I орын	Жас Дарын республикалық байқауы, вокал номинациясы бойынша	Республикалық
82	Бүркітәлі Кәусар	4 а	I орын	Жас Дарын республикалық байқауы, вокал номинациясы бойынша	Республикалық
83	Бүркітәлі Кәусар		II орын	Талант әлемі - 2022 Халықаралық байқауы вокал номинациясы бойынша	Республикалық
84	Асылханұлы Шыңғыс	4 а	Алғыс хат	Алматы қаласынан республикалық Жыр мектебінің жүлдегері	Республикалық
85	Жайлан Аружан	4 ә	II орын	Жас Дарын республикалық байқауы, вокал номинациясы бойынша	Республикалық
86	Сағындықова Кәусар Кентайқызы	3 "А"	Алғыс хат	Жамбыл Жабаевтың туғанына 175жыл мерей тойына ұйымдастырыл ған «Өлең сөздің дүлдiлi» атты жыр керуенi	Облыстық
87	Дабыл Әлижан	3 "А"	"Алғыс хат"	Жамбыл Жабаевтың туғанына 175жыл мерей тойына ұйымдастырыл ған «Өлең сөздің дүлдiлi» атты жыр керуенiне белсене қатысып,ақын шығармаларын	Облыстық
88	Дабыл Әлижан	3 "А"	2 орын	Қазақстан Республикасы Тәуелсiздiгiнiң 30 жылдығына арналған жалпы бiлiм беретiн мектептер мен мектепке дейiнгi ұйымдары оқушылары арасындағы "Қас-қағым сәт" қалалық байқауы	Қалалық

89	Дабыл Әлижан	3 "А"	1 орын	Қазақстан республикасының тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдары оқушылары арасындағы «Жаңа-жыл ертегісі» қалалық байқауы	Қалалық
90	Вали Олжас	3 "А"	2 орын	Қазақстан республикасының тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдары оқушылары арасындағы «Жаңа-жыл ертегісі»	Қалалық
91	Дулатова Еркеназ	3" А"	2 орын	Қазақстан республикасының тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдары оқушылары арасындағы «Жаңа-жыл ертегісі» қалалық байқауы	Қалалық
92	Кенжебаев Ақберен	3 "А"	2 орын	«Жаңа-жыл ертегісі» қалалық байқауы	Қалалық
93	Бақтығали Дарын	3 "А"	2 орын	«Жаңа-жыл ертегісі» қалалық байқауы	Қалалық
94	Бітімбаева Гүлшат Әділбекқызы	2А	2 орын	А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай өткен қалалық "Алтын әтеш" сурет байқауы	Қалалық
95	Қаныбек Кәусар	2 Ә	2 орын	ҚР тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған қалалық білім бөлімінің "Қас-қағым сәт" фото сурет байқауы	Қалалық
96	Есенгелді Еркеназ	2Ә	2 орын	Ақтөбе қалалық мәдениет және тілдер дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен өткен "Маленькая леди" байқауы	Қалалық
97	Қасымқан Раяна	2Ә	3 орын	Ақтөбе қалалық мәдениет және тілдер дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен өткен "Маленькая леди" байқауы	Қалалық
98	Әділжан Қырмызы	2 Ә	1 орын	Ақтөбе қалалық білім бөлімінің "Өз жерінді танып біл" атты эссе байқауы	Қалалық
99	Айболатқызы Айару	2Ә	3 орын	Ақтөбе қалалық білім бөлімінің "Өз жерінді танып біл" атты эссе байқауы	Қалалық

2021-2022 оқу жылы бойынша оқу-әдістемелік жұмысты талдай отыра оқу қызметін жандандыру мақсатында келесі 2022-2023 оқу жылына жоспарлануда:

Дарынды оқушылардың пәндік, академиялық, интеллектуалдық, шығармашылық, зерттеушілік әлеуетін көтеру бағытындағы жұмыстарды жетілдіру;

Дарынды оқушыларды анықтауда психологтың зерттеулеріне сүйену және жаңаша бағыттар мен жолдарды іздеу.

Шешім: 2021/2022 оқу жылындағы бастауыш буын оқушыларының шығармашылық, ізденіс жұмыстары атап өтілсін.

Ұсыныс: дарынды балалармен жүйелі жұмыс жүргізу және оларды шығармашылық, ізденіс жұмыстарына тарту жолға қойылсын.

VIII. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ КЕШЕНДІ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі:

Жеке тұлғаны қалыптастыруда жан-жақты дамыған, адамгершілігі жоғары, нарық жағдайына бейімделген, ұлттық рухы биік, ұлтжанды азамат тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

- Адамгершілік тәрбие беру ісін әлеуметтендірудің психологиялық тиімділігін сезіну және оқушыларды өзін - өзі тәрбиелеуге, қажеттілік пен қабілеттілікке бірте – бірте баулу;
- Отандық және дүниежүзілік мәдениетке бейімдеу;
- Қазақстан Республикасында қазақ және басқа халықтардың салт-дәстүрін, тарихын оқыту, мемлекеттік және басқа тілдерді меңгеру;
- Кешенді тәрбие бағыттарын класс жетекшілер барлық кластарда оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты тиімді пайдалану.
- Тәрбие жүйесі бойынша кешенді мақсатты бағдарламаны төмендегі бағыттарын орындау оны жүзеге асыру басты міндет.
- Мектептегі тәрбие процесінің негізгі құжаты кешенді бағдарлама болғандықтан, мектептің жалпы тәрбие жоспары «Кешенді тәрбие бағдарламасы» негізінде құрастырылған.

Тәрбие жоспарының негізгі бағыттары анықталған:

- Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты;
- Ұлттық тәрбие;
- Отбасы тәрбиесі;
- Рухани-адамгершілік тәрбие;
- Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
- Зияткерлік тәрбие.
- Дене тәрбиесі

Мектептің тәртіп деңгейі.

2021-2022 оқу жылы Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 02 қыркүйектегі №38 қаулысына сәйкес МАД, 1-11 сыныптары оффлайн форматта бастады. Жыл бойы тәрбие саласында шаралар жоспарлы түрде қатаң карантиндік талаптарды сақтай отырып өткізілді. Мектеп бойынша жұмысын үйлестіру мақсатында мұғалімдерден кезекшіліктер ұйымдастырылды. Әр сыныпқа журнал арналып оқушының температурасын өлшеп жазылып отырылды. Әр қабатта мектептің кіре берістен бастап антисептиктер орнатылды, қойылды. Әр сыныпта антисептик, пайдаланылып тасталған маскаларға арналған жәшіктер, қосымша маскалар алып қойылды. Санитарлық гигиеналық талаптар сақтай отырып сабақтар жүргізілді. Әр белгілі уақыт сайын кварцтау жүргізіледі. Мектепке кіру және шығу жолдары бойынша арнайы белгілер орнатылып еденге скотч арқылы жапсырылды. қойылды. Жалпы мектепте оқушылар тәртібін ретке келтіру мақсатында «Жас Ұлан» балалар ұйымы жұмыс жасайды, карантиндік шектеулерге байланысты оқушылардың сабаққа қатысымы бойынша оқушылардың сабаққа қатысымы туралы тексеру жұмыстары кезекші мұғалімдерге жүктелді. Оқушылардың сабаққа қатысымы ең басты назарда, ата-аналармен бірге класс жетекшілері бұл бағытта үнемі жұмыс жүргізіп келеді.

ШЕШІМ: Мектептің тәртіп деңгейін, оқушылардың тәртібін, сабаққа қатысымын салыстырмалы көрсеткіш бойынша бастауыш кластар өте жоғары 5,6,9,10,11 класс орташа көрсеткіш көрсетіп отыр. Ал, төмен көрсеткіш көрсетіп тұрған 7 және 9 кластар.

ҰСЫНЫС: Оқушылардың сабаққа қатысымы, дәлелсіз сағат сандарын жібермеуін класс жетекшілер жүйелі түрде бақылауға алсын. Оқушылардың сабаққа қатысымына байланысты класс жетекшілер оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізсін.

Мектептің тәрбие жұмысы және класс жетекшілердің әдістемелік жұмысы туралы;

Тәрбие – қайшылықты және ұзақ үрдіс. Оның нәтижесін есепке алу күрделі мәселе. Ол үшін жобаланған және қол жеткен шынайы нәтижені салыстырып, талдау қажет. Қол жеткен нәтиже дегенде тұлғаның тәрбиелік деңгейі түсіндіріледі. 2021-2022 оқу жылындағы мектептің тәрбие жұмысының өзекті мәселесі: «Жеке тұлғаны қалыптастыруда жан-жақты дамыған, адамгершілігі жоғары, нарық жағдайына бейімделген, ұлттық рухы биік, ұлтжанды азамат тәрбиелеу» Тәрбие жұмысындағы барлық жұмыстар жоспар бойынша өткізілді. Жыл бойынша тәрбие саласында шаралар жоспарлы түрде дәстүрлі форматта өткізілді. Оқушылар арасында мектеп Президенті сайлауы, ұстаздар күні мерекесіне орай «Ұстаздарға шын жүректен» атты шара ұйымдастырылды. Наурыз мерекелеріне орай жас мамандар арасында «Көктем аруы» ұйымдастырылды. Байқауға қатысушы басқа арулар өз өнерлерін ортаға салып, инабаттылықтарына, сыпайы қылықтарына байланысты номинациялар беріліп, мақтау қағаздарымен марапатталды. Сонымен қатар, жаңа жыл, 8 наурыз, 22 наурыз мереке күндеріне байланысты түрлі шаралар ұйымдастырылды. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне байланысты «Тәуелсіздікке 30жыл» тақырыбында мектепшілік айлық жақсы деңгейде өткізіп, оқушылардың бойынан патриоттық сезімдерін оята білді. Әр бір мерекеге байланысты сурет көрмелері ұйымдастырылып тұрды. 1 және 22 наурыз Ұлыстың ұлы күні мерекелеріне орай «Көрісу күні» ұйымдастырылды және мектепшілік қамқоршылық кеңеспен бірге ауыл тұрғындарымен «Наурыз –жыл басы» атты шара өтті. ҚР қарулы күштерінің құрылғанына 30 жыл және ҰОС Жеңістің 77 жылдығына орай, 7-ші мамыр ұландар және 9 мамыр Жеңіс күніне орай шаралар ұйымдастырылды. Оқушылар арасында «Құрметтең жеңістің ерлерін», «Ерлік сағаты» атты 5-11 класс оқушылары аралығында кездесер өткізілді, «Батырлар өлкесі» сурет көрмесі өткізілді. «ҰОС Жеңістің 77 жылдығына және Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылған күні тақырыбында» тәрбие сағаттары өтті. 9 мамыр – Жеңіс күніне байланысты мектебімізде «Жас Ұлан» ұйымы оқушыларының ұйымдастыруымен құттықтау бейнеролигі жарық көрді. Оқушылар Жеңіс күніне өз құттықтауларын айтып, өлең жолдарын оқыды. Бейнеролик мектептің әлеуметтік желілеріне жарияланды. 2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасын жүзеге асырып, қорытындысын шығару, шығармашылықпен жұмыс жасайтын класс жетекшілерді анықтау, білім деңгейін көтеру, педагогикалық тәжірибелерді насихаттау және тарату, жас мамандарды тәрбиелеу, жаңа әдістерімен педагогикалық ұжымды таныстыру мақсатында класс жетекшілердің әдістемелік жоспары құрылды. Ұжымда 19 класс жетекші бар. Осы оқу жылында тәрбие жұмысы жоспары құрылып, бекітілді. Әр ай сайын оқушылардың сабаққа қатысымы, тәртібі, өтілген шаралар туралы анықтама жазылып тұрды. Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі бекітілді. Барлық класс жетекшілер осы тәрбиенің өзекті мәселесімен жұмыс жүргізді. «Бала тәрбиесіндегі сынып жетекшісінің рөлі» тақырыбында баяндама және ата-аналармен атқарылатын жұмыстарда сынып жетекшісінің қызметі (пікірлесу), «Сынып жетекшімен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту», «Сынып жетекшінің педагогикалық шеберлігін жетілдіру» тақырыбында баяндамалар, «Оқушы шығармашылығын дамытудың шарттары және сыныптан тыс жұмыстар» (дөңгелек стол) тақырыптарында әдістемелік жұмыстар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, барлық қосымша бағдарламалардың жүргізілуі, кластан тыс қоғамдық шараларға қатысымы жақсы. Осы оқу жылында алға қойылған тәрбие мақсаттарының проблемасы шешілді. «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» акциясы аясында «Оқу сағаты» шарасына бастауы сынып жетекшілері және пән мұғалімдері ұйымдастырды. 2022 жылдың 26 қаңтар күні «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ, «Әдістемелік кабинет» КММ жоспарына сәйкес №65 жалпы білім беретін мектебінде "Тәрбие

жұмысын ұйымдастыруда сынып жетекшінің ролі" тақырыбында тәрбие орынбасарлары мен сынып жетекшілерге арналған қалалық онлайн семинар өтті. Онлайн семинар жұмысы ZOOM платформасында ұйымдастырылды.

Шешім: Класс жетекшілердің осы оқу жылындағы жүргізілген жұмыстары қанағаттанарлық деңгейде деп бағалынсын.

Ұсыныс: Үштік одақ жұмысын жандандыру.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие;

Оқушыларға патриоттық тәрбие беру мақсатында жұмыс жоспарлы жүйелі жүргізілді. Қазақстан Республикасы Президентінің Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру бағдарламасын, Қазақстан халқына Жолдауларын басшылыққа ала отырып, мектепте 2021-2022 оқу жылы бойынша «Оқушылар арасында ҚР мемлекеттік рәміздерін насихаттау жөніндегі іс-шаралар жоспары», «Ұлы Отан Соғысының жеңісіне 77 жыл» және «Жас ұлан» әскери-саптық сабақтарына байланысты әр түрлі мақсатта тәрбие жоспары құрылып, бекітілді. Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие беру Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар жоспары жасалып, жұмыстар жүргізілді, 1-ші қыркүйек білім күніне арналған «Кел балалар оқылық» салтанатты жиыны өтті. Оқу жылының басты ерекшелігі қазақ әліппесінің негізін қалаушы А.Байтұрсынұлының әдістемелік негізінде ұсынылған «Әліппе» оқулығы 1 сыныпқа қабылданған 50 балаға табысталды. 2-11 сынып оқушылары үшін «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды. Мектеп ұжымы арасында тарих пәні мұғалімі Н.Қазмановтың ұйымдастыруымен ҚР Президенті Тоқаев Қасым Жомарт Кемелұлының «Халық бірлігі және жүйелі реформалар- ел өркендеуінің берік негізі» тақырыбындағы жолдауы ұжым арасында талқыланды. 2021 жылдың 07-ші қыркүйек күні дене шынықтыру пәні мұғалімдері және мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Денсаулық фестивалі-2021» іс-шарасы өтті. Қалалық мәдениет бөлімінің ұйымдастырған 1 класс оқушылар арасында өткен алғашқы қадам байқауына қатысып 1 ә сынып оқушысы Әлихан Сұлтан бас жүлде алды жетекшісі КушEROVA Н. Ұстаздар күніне орай «Ұстазға мың алғыс» атты мектеп оқушыларының жүрек жарды құттықтаулары, членджы жолданды. «Абайлап жүр балақай» атты 10 күндік іш шарасы 0-6 сыныптар аралығынада ұйымдастырылып өтті. Іс- шара жоспары жасалынып ішкі істер басқармасынан мамандар тартылды. Мектеп сақшылары тобы рейд ұйымдастырылды. 7-11 сынып оқушылары Кеңес Нокин мәдениет үйінде «Діни сауатсыздық, діни экстремизм бастау» тақырыбында өткен орталықтық теолог маманы Орынбай Мәдімен кездесуге қатысты. 19 қараша күні мектеп ата аналар қауымымен « Жат ағым етегінен сақтандыру және ұлттық тәрбиенің маңыздылығы» тақырыбында дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталық директоры Құдайберген Мақсат және теолог маманы Орынбай Мәдімен кездесу ұйымдастырылды. Ағымдағы жылдың 9 желтоқсан күні мектептің 7-9 сынып оқушыларымен Құқық сабақтары- өмір сабақтары тақырыбында зум платформасы арқылы онлайн форматта Ақтөбе облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Құрманов Ержан Қойлыбайұлымен кездесу өтті. Кездесу барысында Ержан Қойлыбайұлымен кәмелет жасқа толмағандардың түнгі уақытта жүрмеу, ұрлық, төбелес сияқты құқық бұзушылықтың жиі болып тұратыны туралы кең түрде айтып толық түсіндіру жүргізілді. Мектеп психологы Күсебай Қызғалдақ «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында танымдық сабақ өткізді. Мектепшілік есепте тұрған оқушылардың құжаттарын жүргізу бағытында кл жетекшілермен семинар ұйымдастырылды. Мектепте бала құқығы- адам құқығы тақырыбында Республикалық айлық іс-шара жоспарына ұйымдастырылып өтті. Жоспар барысында көп балалы аналар мен онлайн кездесу және құқық қорғау органдары және сот қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастырылды. Ағымдағы жылдың желтоқсан айының 30- күні мектепшілік Қауіпсіз демалыс іс шаралар жоспарына сәйкес, Ақтөбе қаласы ТЖ басқармасының азаматтық қорғаныс бөлімінің аға офицерлер тобының аға лейтенанты Тілепбергенов Жанболат

Нұрланұлының қатысуымен ата аналар қауымы және оқушылармен онлайн форматта кездесу өткізілді. Кездесу жиналысты ұйымдастырған АӘД пәні жетекшісі Б. Тағабергенов. Кездесу жиналысты ТІЖО Б.А. Қабақбаев жүргізді. 1-11 сынып оқушылар арасында «Электр тоғынан сақтанайық» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Оқушылармен ұжымды судан құтқару көмек көрсету, электр тоғынан зақымдаған кезде көмек көрсету алдын ала жедел құтқару жасағы қатысуымен оқу жаттығу өткізілді. Кеңес Одағының батыры Т. Бигелдиновтың 100 жылдығына орай 1-11 оқушыларының арасында тәрбие сағаттары өткізілді және «Жас сарбаз» мектепшілік әскери қолданбалы жарысы өткізілді. Екі мәрте Кеңес Одағының батыры Т. Бигелдиновтың 100 жылдығына арналған қалалық «Жас сарбаз-2022» әскери қолданбалы спорт жарысынан мектеп оқушылары 2 орын және 11 сынып оқушысы Әбдібеков Әсет үздік бөлімше командирі атағын иеленді. 14-ақпан күні 7-11 сынып оқушылары К.Нокин мәдинет үйінде Кеңес Одағы әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күніне орай ұйымдастырылған «Қажетсіз соғыстың қасіреті» атты ауған соғысы ардагерлерімен кездесу сағатына қатысты. «Мен оффлайн» облыстық акция аясында 9-10 сынып оқушыларына «Интернетсіз күн» тақырыбында тәрбие сағаттары өтіп және 11 сынып оқушылары арасында «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыбында дебат өткізілді. Осы облыстық акция аясында 3 а сынып оқушысы Жәдігер Әлішер «Интернетсіз 1 күнім» тақырыбында бейнеролик түсіріп, интернетсіз күні қалай өткенін көрсетті. Жетекшісі : Шағырова Венера. ҰОС жеңісінің 77 жылдығы Қазақстан және ҚКҚ 30 жыл толуына орай, Қорғаныс спорттық іс-шаралар жоспарына сәйкес 4-мамыр күні 5-11 сынып оқушылары мен Ауған соғысы ардагері, запастағы полковник Жиеналин Серік Жоламанұлымен ерлік сабағы өтті. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жоспарына сәйкес 4-мамыр күні 5-11 сынып оқушыларымен «Жасөспірімдердің құқықтық жауапкершілігі» тақырыбында «Ұлдар» ұйымының отырысы өткізілді. Отырысқа № 4 Заречный қалалық полиция бөлімінің учаскелік ИДН, полиция лейтенанты Б.Үкібай, запастағы полиция полковнигі С. Жиеналин, «Адал ұрпақ» клуб жетекшісі құқық пәнінің мұғалімі С.Нұрлеспесов және сынып жетекшілері қатысты. Оқушыларға жасөспірімдер арасында жасалған құқықбұзушылық анықталған жағдайдағы құқықтық сауаттылық туралы кеңестер беріліп, оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді.

ШЕШІМ: Қазақстан Республикасы ұлттық рәміздерін құрметтеу, оқушыларды патриотизм идеясы негізінде тәрбиелеу, азаматтық құндылықтарды оқушылар бойында жүргізу бағытында жұмыстар жүйелі жүргізілген.

ҰСЫНЫС: Тәрбинің осы бағытындағы жұмыстарды жүргізуді жүргізуді тереңдету, патриотизм идеяларымен жас буынды қаруландырды жетілдіру.

Рухани-адамгершілік тәрбиелеу мақсатында;

Оқушыларды қайырымды, мейірімді болуға әсіресе «Қайырымдылық» акциясы негізінде жүргізілген жұмыстар негізгі орын алады. Арнайы санаттағы барлық оқушыларға кітап құралдары тегін таратылды. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында ерекше санаттағы оқушыларға «Қазақстан Халық банкі» АҚ Ақтөбе филиалы демеушілері спорттық киімдер мен аяқ киімдер алып берді және мектеп ұстаздар қауымы тарапынан 7 ә класс оқушысына қысқы куртка алып беруге демеушілік көмек көрсетілді. Қыркүйек айында тілдер айлығы аясында ағартушы, түркітанушы, зерттеуші, ғалым ұлттық жазудың реформаторы А.Байтұрсыновтың туған күні «Қазақстан халықының тілдері» күніне орай 13 іс-шара жоспары бекітіліп ұйымдастырылып өтті. Мемлекет басшысының тапсырмасына орай электронды дәуірдегі дәстүрлі кітапхананың ағартушы рөлі орай мектебімізде «Оқуға құштар мектеп- оқуға құштар ұлт» жобасы бастау алды. Осы шара аясында 6 ә класс оқушылары электронды кітаптардың бірі «Ертегілер» әлемімен танысты. Ұйымдастырушылар Кітапханашы М.Жұмабаева және пән мұғалімі Б.Есенжолов. 2020-2025 жылдарға арналған «Жол қартасы» бойынша оқуға құштар мектеп жобасы аясында «Өзің оқып, өзгеге ұсын» акциясы 5 сынып

оқушылары Бақытов Алихан және Ертай Хадиша БУККРОСИНГ бұрышындағы кітаптарды насихаттап оқуға шақырды. Ұйымдастырушы Ж.Кәдір », аталған жобасы аясында Қасым Аманжоловтың туғанына 110 жылдығына орай ақынның өмір жолы туралы таныстырылым өтіп, жас маман Жұлдыз Кадір «Нар тәуекел» өлеңін оқыды. Сайн Мұратбековтың шығармашылығына арналған таныстырылым өтті. Жоба аясында 5 сынып оқушылары Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» кітабымен танысып, тапсырмалар орындады. 6 сынып оқушылары Ыбырай Алтынсариннің «Таза бұлақ» әңгімесімен танысып, 3 минуттық әңгіме жазды. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің құралы әдебиет, оның ішіндегі көркем әдебиеттің жанры ертегі жоба аясында «әжемнің ертегілері» онлайн жобасы ұйымдастырылды. Ұйымдастырушы Исабекова Шынар. Оқуға құштар мектеп және тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында ұжымдық оқу сағаты ұйымдастырылып педагогтар өз оқыған шығармаларымен ойын бөлісті. Мектеп оқушыларының үзіліс уақытын тиімді ұйымдастыру кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында «өзің оқысаң өзгеге табыс ет» атты және Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай 11 сынып оқушыларымен «Великая наследия Ыбырай Алтынсарина» атты шаралар ұйымдастырылды. Ұйымдастырушылар Қоразова Г., Б. Әлімбетова және жетекшісі М. Жұмабаева. Жаңа жыл мерекесі барлық сыныптарда аталып өтті. «Қайырымдылық жасасан қайырым өзін көресін» дегендей Жаңа жыл қарсаңында мектебіміздің жекелеген санаттағы оқушыларды қуанып, Жаңа жыл сыйлықтарымен «Ләззат» дүкені жеке кәсіпкер Даришова Данара және «Свой магазин» азық-түлік дүкені жеке кәсіпкер Д.А. Демский, № 65 мектеп асхана меңгерушісі жеке кәсіпкер Сейтова, Ақтөбе қаласы, Алматы аудан әкімдігі, «Алихан Ойл-3» ЖШС басшысы З.Қожаев, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Ақтөбе филиалы және мектептің жас мамандары демеушілік көрсетті. Қалалық шығармашылық академиясында өткен Президенттік шыршаға мектебіміздің үздік оқушысы Жайлан Аружан қатысты. ҚР Президенті атынан самакат, ашық хат, кітап және тәтті сыйлықтар алды. Оқуға құштар мектеп жобасы аясында мектеп кітапханасында «Кітап патшалығы шақырады» тақырыбында мектеп қорына жаңадан келген кітаптардың таныстырылымын, олардың мазмұнына және әдеби кітаптарды көп оқуға кітапхана меңгерушісі М. Жұмабаева шара ұйымдастырды. Қазақ поэзиясында үлкен қолтаңба қалдырған М.Мақатаевтың өлеңдерін білмейтін қазақ жоқ шығар, сірә? Ақынның туған күні қарсаңында «Мұқағали-мәңгілік ғұмыр» атты 6 сынып оқушыларының арасында сайыс өтті. Ұйымдастырушылары: қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімдері Ершекенова Назгүл мен Кәдір Жұлдыз. М. Мақатаевтың туған күніне орай мектеп кітапханасында «Өшпес ғұмыр» атты кітап көрмесі өтті. «Оқитын өлке» акциясы аясында жергілікті ақын Сәбит Баймолдиннің 80 жылдығына орай Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасында өткен «Шындықты қанат етіп қаламына» тақырыбындағы шараға әдебиет сүйер сөзбен өрілген сұлу өлеңді сүйетін 6 ә сынып оқушылары қатысты. Жоғары сынып оқушыларымен Ғабит Мүсіреповтың туғанына 120 жыл толуына орай іс-шаралар жоспары өтті. 25-сәуір күні К.Нокин мәдениет үйінде № 65 ЖББОМ ұжымы және мәдениет үйі қызметкерлерінің ұйытқы болуымен ауыр дертке ұшыраған жас жігіт Асланға қолдау көрсету мақсатында «Жақсылап жасап жарысайық» тақырыбында қайырымдылық концерт өтті. Мектеп оқушылары мен ата-аналар, педагогтардың қолдауымен концерттен түскен 350 мың тенге көлеміндегі қаражат Асланның есепшотына аударылды. 28-сәуір күні 6 сынып оқушылары Ақтөбе қаласындағы № 12 модуль кітапханаға саяхат жасады. Кітапханаға оқырман ретінде жазылып, бос уақытында кітап оқу үшін кітап жаздырып алды. Шара ұйымдастырушысы: Жұмабаева Мейрамгүл. Қазақ музыкасының зерттеушісі ғалым, композитор А. Жұбановтың туғанына 116 жыл толуына орай слайд шоу дайындалып, оқырмандарға таныстырылды.

ШЕШІМ: Оқушыларды рухани азық адамгершілікке тәрбиелеу бағыты бойынша мазмұнды жұмыстар ұйымдастырылған деп танылсын.

ҰСЫНЫС: Оқушыларды рухани адамгершілік бағытында тәрбиелеу жұмыстары әлі де жоғарырақ деңгейде жолға қойылсын.

Ұлттық тәрбие туралы;

Ұлттық тәрбие мақсаты ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу, халқының мәдениетін құрметтейтін бойында ұлттық патриотизмнің оты жанған ел болашақтарын тәрбиелеу осы бағыттағы жұмыстың мән-мағынасын көрсетер жұмыстар екені даусыз. Кітапханашы М. Жұмабаеваның сапалы білім, саналы ұлттық тәрбие алу үшін, көп іздену керек екенін түсіндіре отырып мектеп кітапханасында көптеген іс-шаралар жүргізілді. Осы орайда мектепте өткен тіл айлығы, әр түрлі тақырыпта көрмелер: 22-қыркүйекте Қазақстан халықтарының тілдеріне орай «Тіл татулық тірегі» атты көрмеге шолу жасалды. Сонымен қатар «Ұстаз-ұлы тұлға» кітап көрмесі жасақталды. «Рәміздер -мақтанышым» атты көрме жасалды. Ақын Қасым Аманжолов-110 жыл және Хамит Ерғалиевтің туғандарына 105 жыл» толуына орай көрме слайд жасалды. Сонымен қатар Ағартушы, педагог, жазушы, қоғам қайраткері Ыбрай Алтынсарин 180 жыл» және «Ақын, қоғам қайраткері Хакімжанова Мариям- 115 жыл толуына байланысты слайд ұйымдастырылды. 1-желтоқсан Президент күніне «Ел және Елбасы» атты ашық кітап көрмесіне шолу жасалды. Тәуелсіздік 30 жылдығына орай «Қазақтың ұлттық ойындары» атты тәрбие сағаттары өтті. «Міржақып Дулатовтың туғанына 137 жыл» атты шолу өткізілді. Кітапхана жаңадан келіп түскен кітаптарға көрме жасалды «Ғажайып кітап әлемі» атты. «Мұқағали -мәңгілік ғұмыр» атты көрме жасалды. «Өлең сөздің дүлдүлі» Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығы онлайн көрме жасақталды. «Ұлы даланың дара ұстазы» Ыбырай Алтынсарин- 180 жыл»толуына орай кітап көрмесі ұйымдастырылды. «Отты жылдар шежіресі» кітап көрмесі жасақталды. Мектебімізде қазақтың ұлттық дәстүрі, ұлттық ойыны саналатын оқушыларға үйрететін асық ату, гир көтеру үйірмесі жұмыс жасайды. Жылма-жыл мектепте халқымыздың мерекесі жыл басы Наурыз тойланады, оқушылар, мектеп ұжымы ұлттық киім киіп халқымыздың асыл қасиеттерін насихаттайды. Биылғы жылы мектепте «Наурыз тойы» «амал күні» яғни 14 наурыз күні тойланды. «Батамен ел көгерер» атты бата беру сайысы ұйымдастырылды. 1-қатысушы Қуандық ата, немересі Ерасыл. Сол сияқты «Сырласайық жеңеше», «Батаменен ел көгерер», «Қыз өссе елдің көркі» тәрбие сағаттары, сайыс сабақтар осы бағыттағы тәрбиенің жолын кеңейтетін шаралар. Ұлттық өнерімізді қызығушылықпен қабылдап сайыстарға қатысып жүлделі болған оқушылар аз емес. Сонымен қатар мектеп кітапханасына «Қазақстан. Ұлы Дала Елі. Тәуелсіздік», «Буккроссинг», «Оқуға құштар мектеп», «Абай» бұрышы жасалды.

ШЕШІМ :

Оқушыларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу жұмысы жолға қойылған, оң нәтиже бар.

Ұсыныс: Осы тәрбие бағытын әлі де тереңдету.

Отбасы тәрбиесі бағыты;

Тәрбие негізі баланың жас кезінен бастап отбасында қалыптасады. Одан кейін ол мектепте әрі қарай дамытылады. Оқушылар бойындағы адамдық қасиеттерді тәрбиелеуде мектептің және отбасының алар орны ерекше. Мектепте 2021-2022 оқу жылына арналған ата-аналармен жүргізілетін шаралардың жоспары бекітіліп, ата-аналар жиналысы уақытылы өтіп тұрды. Әр тоқсан сайын класстарда ата-аналарының жиналысы жоспарға сай онлайн форматта өткізді. Оқу жылы бойынша әр класта ата-аналар жиналысы өткізіліп, хаттамалары уақытында жазылды. Жиналыстарда оқу тоқсаны қорытындыланды. Бұзақылық пен қылмыстың алдын алу, оқушылардың патриоттық сезімдерін қалыптастыру, жазғы демалыс кезінде балалардың бос уақытын ұйымдастыру, қазіргі кезде белең алған түрлі оқиғалар туралы ережелермен таныстырылды және мектеп қамқоршылық кеңесі және мүшелерін, ата-аналар комитетін сайлау және діни бағыттар жөнінде әңгімелер мен фильмдер көрсету, Қазақстандық отбасы күніне орай іс-шаралар жоспары бекітіліп, орындалды. 8-10 сынып оқушыларымен «Отбасы –бақыт мекені» тақырыбында әлеуметтік педагог А.Умар дәріс сабағын өткізді. «Отбасы құндылықтары» атты

челленджды сыныптар арасында өтті. Қыз тәрбиесі ұлт тәрбиесі тақырыбында 9-11 сынып қыз бала оқушылары арасында дөңгелек стол өтті. Тәуелсіздігімізге 30 жыл толуына орай 7-10 класс қыз балалары арасында «Әсемдік әркімге жарасады» атты мектепшілік іс –шара өтті. Іс-шара мақсаты қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай тәрбиелеу. Ұйымдастырушылар: Р.Амитова және Күсебай Қызғалдақ. 20- қараша күні әкеге қарап ұл өсер тақырыбында мектепшілік ұлағатты әкелер мектебінің отырысы өтті. 1-11 сыныптар арасында Қазақтың ұлттық ойындары тақырыбында класс сағаттары ұйымдастырылып, оқушыларға қазақтың ұлттық ойындарының құндылықтарымен маңыздылығы түсіндірілді. «Мектеп парламенті» және өзін-өзі басқару және құру мақсатында сайлау өтті. Оқушылардың мектеп парламенті президенті үміткерлігіне 3 оқушы ұсынылды Айдынғалиева Жансая, Болатова Камила, Қуанбаев Елнұр. Дауыс беру қортындысы бойынша Болатова Камила мектеп президентіне сайланды. 8 ақпан күні Ақтөбе қалалық ББ және РҚБ «Қазақстан әкелері» РӨҚ ұйымдастыруымен «Әке көрген оқ жанар» атты мектеп әкелерімен кездесу тренинг өтті. Кездесу –тренинг «Сәті түскен сұхбат» бағдарламасы аясында РӨҚ құрылтайшысы Тобылбаев Еркін және «Қазақстан әкелері» РӨҚ төрағасы Кулов Аманғостан сұхбат алынып, сұрақтар қойылып, ӘҚ өз тараптарынан бейнеролик көрсетіліп, ұлттық тәрбие бағытында мектеп әкелерімен өз ойларын ортаға салды. Кездесуді қалалық ББ басшысы Қосымбаева Меткүл Ораққызы және мектеп басшысы Жантурина Марфуха Саменқызы қорытындылады. РӨҚ Қазақстан әкелерінің ұйымдастыруымен «Саналы әке» кеңесінің жоспарына сәйкес өнерлі әке тақырыбындағы мектепшілік әкелер сайысы онлайн форматта өтті. Байқауға «Спортшы әке» номинациясы бойынша 3 а сынып оқушысы Дабыл Әлижан және әкесі Ещанов Ернұр Дабылұлы қатысты. Осы номинация бойынша 3 а сынып оқушысы Кенжеғалиева Аружан және әкесі Жолмұратов Серікқали қатысты. «Қамқоршы әке» номинациясы бойынша 2 а сынып оқушысы Берді Ғайша және әкесі Болатбеков Ғалымбек Бердіұлы қатысты. «Қоғам белсендісі» номинациясы бойынша Ерболсын Құдабайұлы Көбеков және 3 а сынып оқушысы Ерболсынқызы Айару қатысты. Байқау қорытындысы бойынша барлық қатысушылар мектеп басшысының атынан Алғыс хатпен марапатталып және қалалық деңгейде өтетін байқауға мектеп атынан «Қоғам белсендісі» номинациясы бойынша белсенділік танытқан Көбеков Ерболсын Құдабайұлы ұсынылды. Мектеп ата-аналарымен «Ұрпақ саулығы-ұлт саулығы» тақырыбында жасөспірімдер арасында бір реттік вейп «эпидемиясы» белең алуына байланысты электронды шылымның зияны туралы онлайн форматта жиналыс ұйымдастырылды. 10-наурыз күні 7-8 сынып оқушыларымен мектепшілік «Ұлағат» әкелер клубының отырысы өтті. 7 а сынып жетекшісі Айдар Қанат «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» тақырыбында баяндама оқып, «Ұлағат» әкелер клубының мүшесі Қабылғалимов А әке оқушыларға еңбек құралдарымен үстел жасаудан мастер – класс көрсетті. 19-наурыз күні Ұлыстың ұлы күні мерекесіне орай «Жыл басы-Наурыз» тақырыбында мектептің қамқоршылық кеңесімен бірге ауқымды іс-шара ұйымдастырылып өтті. Шара барысында мектеп ауласына киіз үй тігіліп, мектеп мұғалімдерінен концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, ауыл тұрғындарына ұлттық асымыз бешбармақ және көже пісірілді. Шара аясындағы спорттық жарыстарға «Ұлағат» әкелер мектебі демеушілік жасады. 7-сәуір күні мектеп қамқоршылық кеңес мүшелерінің отырысы өтті. 15- мамыр Халықаралық отбасы күніне орай 6-7 сынып қызбалаларымен «Отбасы , неке, отбасындағы қызбала тәрбиесі» тақырыбында пікірлесу сағаты өтіп және 1-4 сыныптар бойынша «Отбасым- бақыт мекенім» және 5-11 сыныптар арасында «Отбасы құндылықтары сарқылмас қазына» атты тәрбие сағаттары өтті. 14-ші мамыр күні «Өрт қауіпсіздігі» және «Су қауіпсіздігі» іс-шаралар жоспарына сәйкес, мектеп ата-аналарымен ЗУУМ платформасы арқылы онлайн форматта «Су тасқыны, өзенге көлге шомылу кезіндегі өзін-өзі ұстау қауіпсіздігі» тақырыбында семинар ұйымдастырылды. Семинарға Ақтөбе қаласы ТЖБ аға офицері Карагожин Амир Русланұлы қатысып, баяндама оқып толыққанды түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Бастауыш сынып ата-аналары мектеп ауласына туиіе талын отырғызып берді. 11 класс

ата-аналары 5 түп туие талын алып, отырғызып берді. 2021-2022 оқу жылының аяқталуына байланысты, 23 мамыр күні мектепте жалпы қортынды ата-аналар жиналысы өтіп, 32 ата-анаға оқу жылындағы сыныптағы және мектептің қоғамдық жұмыстарына қосқан үлестері үшін мектеп директоры М.С.Жантурина алғыс хатпен марапаттады.

Шешім: Жалпы классішілік ата-аналар жиналыстары жоспар бойынша өтілгенімен ата-аналардың қатысымы, жиналыстың өту барысы бойынша түрлі деңгейде болды. Жаңа оқу жылында ата-аналарымен әлі де жұмысты жүйеге салып, қатысымды қажетті деңгейге талап ететін кластар бар.

Ұсыныс: Класс жетекшілер ата-аналарымен және балалармен тәрбие жұмыстарын жоспарлаған кезде ата-аналардың әлеуметтік статусын, жағдайын, білімін әлі де болса толық ескере отырып, отбасы мен мектептің ынтымақтастығын нығайту, білім беру мекемелерінің ата-аналар қоғамдастығымен жұмысының түрлерін, әдістері мен мазмұнын өзгертуді ұсынамын.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;

Мектеп оқушыларын еңбекке баулу мақсатында күз және көктем айларында мектеп алаңы, мектеп ауласын тазарту мақсатында іс-шаралар өткізілді. Санитарлық тазалау, абаттандыру және жасыл желектендіру жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында арнайы мектеп бұйрығы шығып, жоспары бекітілді. Мектеп алаңы кластар аралығында бөлініп, сенбіліктер өткізілді. Әр бейсенбі сайын мектепте «Таза бейсенбі» күндері өтті. 5-8-10 класс оқушыларының арасында «Жазғы алаң» еңбек демалыс ұйымдастырылды. 2020-2021 оқу жылы бойынша 9-11 сынып оқушыларының еңбекке орналасуы туралы мәліметтер жинақталды. 9-11 класстар кәсіптік бұрыш және кәсіптік бағдар беру бойынша бұрыш және арнайы чад ашылды. Күз айларында мектеп ауласын сенбіліктер ұйымдастырылды. Мектептің бітіруші түлектеріне кәсіби бағдар беру мақсатында «Сен де бір кірпіш дүниеге» тақырыбында 9-11 сынып оқушылары мен ЗУМ платформасы арқылы онлайн форматта балалар үйінің бұрынғы шәкірттері, кәзіргі таңда «Мейірім» бейімделу орталық жанындағы «ПО ГЛОБАЛ СПЕЦ ОДЕЖДА» ЖШС –нің қызметкерлері Ж.Айнабекова және Г.Иманғалиевамен кездесу ұйымдастырылды. 28-сәуір күні мектебіміздің 11 сынып оқушылары Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Педагогика факультетінің ашық есік күніне қатысты. Ашық есік күнінде оқушылар «Мамандық таңдау-ертеңді ойлау», «Сенің болашақ мамандығың», «Мен таңдаған жол» психологиялық тренингке қатысты. Сонымен қатар оқу орнының мұражайы кітапхана, «Зерек» дамыту орталығына саяхат жасады. Сонымен қатар, 9 және 11 класс оқушыларына Ақтөбе жоғары ауылшаруашылық колледжі, Ақтөбе құрылыс, мантаждау колледжі, Ақтөбе темір жол колледжі оқу орындарының мамандықтарымен таныстырып, түрлі бейнесюжеттер көрсетіп, үлестірмелі үгіт қағаздары таратылды. 30-сәуір күні 2 айлық тазалық айлықтары аясында мектеп оқушылары ұстаздар қауымымен бірге мектеп ауласын тазалау жұмыстарына қатысты. 2 айлық аясында Мектеп ауласына бастауыш сынып мұғалімдері демеушілігімен 2 түп «Туе» ағашы отырғызылды. Жазғы каникул уақытында «Мектеп ауласы» аясында мектеп территориясы 5-10 сынып оқушыларына күтіп ұстауға бөлініп берілді. Мектеп басшысымен графигі бекітілді, сынып жетекшілеріне таныстырылды. Биылғы мектеп түлектері де ҰБТ –ден жоғары балл жинайды деген сенімдеміз. Алдағы оқу жылында оқушылардың оқу орнына орналасуына класс жетекшілері мен пән мұғалімдері аса үлкен жауапкершілікпен қарап, жұмысын әлде де жүйелендіруіміз қажет. 2020-2021 оқу жылында 9 класта негізгі мектепті 25 оқушы және орта мектепті 10 оқушы барлығы 35 оқушы аяқтады. Атап айтсақ барлық оқушылар тиісті 9 класс бітіргендігі жөніндегі куәліктерін алды. Олардың қызы 16-ы, ұл балалар саны 9. Мектептің 9-шы класын бітірушілердің 15-ы түрлі оқу орындарына түсті, қалғандары оқуларын мектепте жалғастырып отыр. 9-шы класс бітіруші 2 оқушы үздік бітірді. Оқуға түскендігі жөнінде аталған мектеп түлектері тиісті анықтама қағаздарын бізге тапсырып отыр. Өткен оқу жылын 10 мектеп түлегі, толық орта курсын аяқтады. Түлектердің барлығы мектеп

бітіру аттестатын алды. 10 түлек түрлі оқу орындарының студенттері атағын алды.11 класс оқушылары бойынша мектеп бітірген 4 оқушымыз Бүркіталиа Г, Құлмурзаев А,Серикбаева А,Пирмуханбетов С грант иегерлері болды.

9 класс бітіріп еңбек орналасуы туралы

№	Аты, әкесінің аты	Оқу орны	Мамандығы
1	Адилханов Еркебұлан	Ақтөбе жоғ ауыл шаруашылық колледж	Стандарттау, метерология және сертификаттау
2	Қараева Жайлыгүл	Ақтөбе медициналық колледжі	Медбике
3	Рахметов Жасұлан	Ақтөбе техника-технологиялық колледжі	Программамен жабдықтау
4	Жарас Даурен	Автомобиль жолдары колледжі	Автомобил жолдары және аэродромдар құрылысы
5	Жеткерген Ержан	Ақтөбе ауылшаруашылық колледжі	Механик
6	Еламанов Арыстанбек	Ақтөбе ауылшаруашылық колледжі.	Агрожер
7	Салимгереева Айжан	Ақтөбе гуманитарлық колледжі	Бастауыш кл. мұғалімі
8	Қасымханов Темірлан	Ақтөбе ауылшаруашылық колледжі	Технолог
9	Еркебай Ерасыл	Ақтөбе ауылшаруашылық колледжі	Технолог
10	Зиноллина Ақжарқын	Ақтөбе гуманитарлық колледжі	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту
11	Орқбаева Сая	Ақтөбе гуманитарлық колледжі	Кітапхана ісі
12	Ерсаев Айбат	Ақтөбе ауылшаруашылық колледжі	Зоотехник
13	Әміржан Данияр	Ақтөбе ауылшаруашылық колледжі	Агрожер
14	Абыллаева Нүргүл	Ақтөбе мед колледж	Мейірбике ісі
15	Арыстанбекова Аружан	Ақтөбе универ жанындағы колледж	Орыс тілі пәні мұғалімі

11 класс түлектерінің еңбекке орналасуы туралы

№	Аты, әкесінің аты	Оқу орны	Мамандығы
1	Пирмуханбетов Сұлтанбек Бекарысұлы	Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті	Физика математика бөлімі ИТ медицина/ грант
2	Ерғалиев Санжар Кадралыұлы	Ақтөбе ауылшаруашылық колледжі	Агрожер /ақылы/
3	Сұлтанов Жандос Алғабекұлы	Ақтөбе ауылшаруашылық колледжі	Агрожер /ақылы/
4	Төлепберген Гүлден Ерболатқызы	Ақтөбе гуманитарлық колледжі	Бастауыш мұғалімі/грант/
5	Елдосова Әдемі Қуандыққызы	М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және қомунакация академиясы	Темір жол жөндеу, қызмет көрсету./бюджет/
6	Серикбаева Аружан Жарасова	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	Химия и химия технологиясы /Респ. грант/

7	Бүркіталиева Гаухар Мейрамбекқызы	Қ. Жұбанов атындағы өңірлік университеті	Биология / обл.грант/
8	Құлмырзаев Асарбек Қалдыбекұлы	Алматы энергетика университеті	Телекоммуникация және ғарыштық инженерия / ақылы/
9	Әбдіғалиев Ислам Жұмабайұлы	Ақтөбе көлік, коммуникация және технология колледж	Технолог /ақылы/
10	Сермағамбетов Мейрлан Болатұлы	Ақтөбе жоғполитехникалық колледж	Автоматтандыру / ақылы/

ШЕШІМ: Мектеп оқушыларын мектептің, қоғамның мүлкіне экономикалық көзқарасын қалыптастыру, қоршаған орта мектепті жасыл-желекпен қамту, еңбек етуге тәрбиелеу жұмысы жолға қойылған деп есептелінсін.

ҰСЫНЫС: Мектеп бітіруші түлектерге кәсіптік бағдар беру жұмысы жандандырылып, алдағы уақытта оқушыларға мамандық таңдауда қажет кәсіп иелерімен арнайы кездесулер ұйымдастырылсын.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;

Мұғалімдер күніне мектеп өнерпаздары ұстаздарын құттықтап, концерттік бағдарлама қойды. Қараша айында дәстүрлі «Күзгі бал» байқауларының өту барысы қадағаланып, ай ортасында 2-8 кл аралығында өткізілді. 2021 жыл 1-қ ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығы «БЕЙНЕ» атты байқау өткізілді. Байқауға 8 класс оқушысы Тұрымбетова Еркеназ белсенді қатысқаны үшін марапатталды. Қазан «Қарттарым асыл қазынам» атты онлайн видео жасалып инстаграмға жүктелді. 12-қараша ҚР Тәуелсіздігіне 30 жылдығына орай «Бақытты бала» тақырыбында концерт ұйымдастырдым. Шараға 2-4 класс оқушылары қатысты. Баланы ынталандыру мақсатында өнерлерін көрсеткен балаларға ойыншықтар берілді.

2021 жылы 24 қарашада 1-6 класс оқушылар арасында «Айгөлек» ән байқауын өтті. Бүлдіршіндердің әнге, өнерге деген қызығушылығын арттыру және дауыс қабілеттерін шыңдау мақсатында өтті. Байқауға 1-5 кластар аралығынан 20 оқушы қатысып, өздерінің белсенділіктерін көрсете білді. ҚР Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұстаз бен шәкірт арасында танымдық құндылықтарды ізгілікпен сұластықты арттыру мақсатында «Жұлдызды жұп» байқауын өтті. Байқауға 6-10шы класс оқушылары өз сынып жетекшілерімен бірге қатысып, өнерлерін ортаға салды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай мектебімізде тақырыбында Тәуелсіздік таң нұры» мерекелік концерт болып өтті. Концертке 1986 жылғы «Желтоқсан көтерілісіне» көрініс қойылып. Концерт желтоқсан құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алумен басталып, сол ағаларымыздың ерлігінің арқасында бүгінгі ұрпақ бақытты ұрпақ екендігімізді көрсете білетін ән айтылып, би биленді. 2 кластардың орындауында «Егемен ел Қазақстан», 4 кластардың орындауында «Қазақстан бақыты», 6 класс хорының орындауында «Ел намысы» әндері айтылып, кішкентай бүлдіршіндердің орындауында «Қазақ биі» билерін тарту етілді. 25-желтоқсан күні 1-11 класс арасында мектеп оқушыларына жаңа жылдық шырша өткізілді. 5-8 кластар аралығында қаңтар айының 23-і күні «Мен оқушыма сенемін» атты интеллектуалды сайыс болып өтті. Мақсаты: Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие берген ұстазбен оқушының қарым-қатынасын нығайту, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Эстетикалық тәрбиеге көңіл бөлу. Сайыс шарттары өте қызықты да көңілді өтті, балалар өнерлерін жақсы көрсете білді. «Ән көңілдің ажары» фестивалі өтті. Фестивальге 2-6 класс оқушылары қатысып, әр ұлтың әнін айтып билерін биледі. Әр сыныптан шыққан талантты оқушылар көрерменге көтеріңкі көңіл сыйлады.

Мектебімізде «Елім менің» атты командалық жарыс өтті. Жарысқа мектеп ұстаздары қатысты. Қатысушылар өз білгендерін ортаға салып, шара барысында көрермен де, қатысушылар да, қызықты уақыт өткізді. «Бәрі сүйіспеншіліктен басталады» тақырыбында концерт өткізілді. Концертке мектептің дарынды, талантты оқушылары мен қатар өнерлі ата-аналар қатысты. Концерт жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Наурыздың 6- күні халықаралық әйелдер күніне

орай мектеп ер азаматтарының концерті ұйымдастырылды. Концертке мектептің жас мамандары белсенділік көрсетті. Наурыздың 1-і күні Алғыс айту күні. Мектеп оқушылары мен «Алғысым шексіз» атты мектепшілік концерт ұйымдастырылды. Наурыздың 6- күні халықаралық әйелдер күніне орай мектеп ер азаматтарының концерті ұйымдастырылды. Концертке мектептің жас мамандары белсенділік көрсетті. Наурыздың 14-і күні амал мерекесі. Амал мерекесінде мектеп ұстаздарымен концерт мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен өткізілді.

22 наурыз күні Ұлыстың ұлы күні «Жыл басы -Наурыз» атты іс шара өткізілді. Шараға мектеп оқушылары және ата-аналар белсенділік танытты. Сонымен қатар мектеп мұғалімдері концерттік бағдарлама көрсетіп, мектеп ата-аналары салт-дәстүрлерімізді көрсетті. Ақтөбе – Дарын» ӨҒТҚББО мен қалалық оқушылар сарайы «Бозторғай-2022» облыстық қазіргі заман эстрадалық әндер байқауына қатысқаны үшін Тұрымбетова Еркенназ марапатталды. Жас дарын» III-республикалық фестиваль байқауында «Эстрада вокал» номинациясы бойынша Юрын иегері Киікбай Карина, Шорын иегері Бүркітәлі Каусар және жетекшісі Мейрман Мадина Алғыс хатпен марапатталды.

Халықаралық «TAIANTTAR AIEMI 2022» шығармашылық байқау фестиваліне Бүркітәлі Каусар Мейрамбекқызы Қатысып Шорынға ие болып жетекші Мейрман Мадина Бітімбайқызы. Мамыр 1- не Қазақстан халықының бірлігі күні . Мектеп оқушыларынан 1-6-класс аралығында ұйымдастырылды. Қай кезде де әннің халық үшін орны ерекше. Ол адамға шабыт сыйлайды. Қашықтықтан оқыту жағдайында мектеп оқушылары тамаша ән сыйлады. 25 мамыр «Сыңғырла сонғы қоңырау» атты салтанатты жиын өткізілді

Жыл бойына оқушылар мектепшілік шаралардан басқа қалалық, облыстық республикалық байқауларға қатыстырылды.

ШЕШІМ: Мектепте көпмәдениетті көркем эстетиканың мәнін ашатын жұмыстар жүргізілді.

ҰСЫНЫС: Оқушыларды әдеміні құрметтеу сезімін қалптастыратын , жақсыны құрметтеуге арналған жұмыстарды кеңірек жүргізу.

Зияткерлік тәрбие;

Тәрбиенің мақсаты жастардың одан әрі тұлғалық және кәсіби дамуы үшін іскерлік пен дағдыларды алуына, қабілетті жеке қасиеттерін дамытуында қоғамдық өмірге белсене қатысуына ықпал ету. Мектеп кітапханасының кітап қоры- 10105 оқулық. Биылғы оқу жылында қалалық білім бөлімінен барлық оқушыға жеткілікті деңгейде келіп оқушылар түгел оқулықтармен қамтамыз етілді. Келген жаңа оқулықтар есепке алынып, штамп басылып оқушыларға түгел таратылды. Мектебіміздегі барлық класстарға оқулықтар аз қамтылған оқушыларға жеткілікті деңгейде таратылды. Мектеп кітапханасы ағартушылық бағыттағы жұмыстарын оқырмандарға қызмет көрсетуден бастайды. Оқушылар мәңгілік жазба жазуға, үй тапсырмасына қосымша мәліметтер іздегенде ғаламтор жүйесін пайдаланады. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаевтың «Оқуға құштар мектеп- оқуға құштар ұлт» атты жобасы аясында ұсынылған 30 кітаптың жұмысына бағыттау мақсатында, мектеп кітапханасын көркем әдебиеттерге толтыру, балалардың жас ерекшеліктеріне сай ертегі кітаптар және ертегі кітапшалар жасақталды. Кітапханаға келген әр оқушының сұранысын орындай отырып, оқысы келетін оқушының жас ерекшелігіне көңіл бөлінеді. «Жас Ұлан» ұйымына Ұлан басын сайлауы өткізіліп және 5 сынып оқушыларын «Жас ұлан» қатарына қабылдау өтті. «Мектеп парламенті» және өзін өзі басқару және құру мақсатында сайлау өтті. Оқушылардың мектеп парламенті президенті үміткерлігіне 3 оқушы ұсынылды Айдынғалиева Жансая, Болатова Камила, Қуанбаев Елнур. Дауыс беру қортындысы бойынша Болатова Камила мектеп президентіне сайланды. Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай 9 сыныптар арасында «3 тілділік заман талабы» атты дебат турнир өткізілді. Ұйымдастырушысы Казманов Н. Оқушылар жетістіктері Тулебаева Н облыстық ғылыми жобадан 3 орын тарих пәні бойынша. Жамбулов М, Русланқызы М, Адилжан

Н –Ел басы медаліне ие болды. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған мектеп оқушылары арасындағы «Жаңа жыл ертегісі» байқауында үздік 1 орын мен Дабыл Алижан, үздік 2 орынмен Дулатова Еркеназ, Бақтығали Дарын, Кенжебаев Ақберген, Вали Олжас марапатталды. Жетекшісі Шағырова Венера. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған мектеп оқушылар арасындағы «Табиғат айнасы» қалалық байқауында 9 ә сынып оқушысы Махамбетов Нұрәділ жүлделі 2 орынды иеленді. Жетекшісі Әбілхайыр Е. 14 -ақпан күні 2-6 сынып оқушыларының арасында « Ән көңілдің ажары» атты оқушылар фестивалі өтті. Оқушылар әр ұлттың әндерін айтып, билерін биледі. Шара ұйымдастырушысы: музыка пәні мұғалімі Мейрман Мәдина. «Жаңа ғасыр таланттары» республикалық шығармашылық байқауының «Поэзия, менімен егіз бе едің?» тақырыбы бойынша көркем сөзді шебер оқып, жүлделі 1 орынды иеленген 3 а сынып оқушысы Кенжебай Кәусар. Жетекшісі: Жұмабаева Мейрамгүл. 2021 жылдың қорытындысы бойынша мектебіміздің 11 сынып оқушылары «Елбасы медалі» жобасының қола медаль иегерлері Жамбылов Мейрамбек, Русланқызы Мейрамгүл, Әділжан Наргиз атанды. « Жас дарын» 3 республикалық байқауында « Эстрадалық вокал» номинациясы бойынша жүлделі 1 орын иегері –Киікбай Карина Қайратқызы, 2 орын иегері- Бүркітәлі Кәусар Мейрамбекқызы марапатталды. Жетекшісі: Мейрман Мадина.

ШЕШІМ: Оқушыларды зияткерлікке , мәдениеттілікке тәрбилеуде атқарған жұмыстар есепке алынсын.

ҰСЫНЫС:Аталған бағыттағы жұмыстарды жетілдіру жолдары қарастырылсын.

Дене тәрбиесі бағыты;

Ақтөбе облысы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының аймақтық бағдарламасын жүзеге асыру, оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау бағытында мектепте жоспарлы жұмыс жүргізілді. Мақсаты: Оқушылар арасында есірткі құралдарымен басқа зиянды заттар қолдануға дейін саналы түрдегі жағымсыз қарым-қатынас қалыптастыруға жәрдемдесетін қажетті ғылыми әдістемелік, ұйымдастырушылық, ақпараттық, құқықтық және басқа жағдайларды қамтамасыз ету. СПИД және жыныстық тәрбие, зиянды заттардың алдын алу қосымша бағдарламаларын басшылыққа ала отырып мектепте әр түрлі шаралар, тәрбие сағаттары өткізілді. Туберкулездің алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында жұмыс жоспарлары бекітіліп, бұйрық шығарылды. Бұйрықтың негізінде бағдарламаны орындау мақсатында іс-шаралар жоспарланды. Мектепте Туберкулездің алдын алу мақсатында оқушылар, мұғалімдер, техперсоналдар арасында санитарлық – ағарту жұмыстары жүйелі жүргізіліп отырады. Туберкулезді анықтау үшін мектеп қызметкерлері, 8-11 класс оқушылары флюорографиялық тексеруден жыл сайын өтеді. 2021 жылдың 07-ші қыркүйек күні дене шынықтыру пәні мұғалімдері және мектеп парламентінің ұйымдастырумен «Денсаулық фестивалі-2021» іс-шарасы өтті. Оқушыларды спорттық үйірмелерге тарту және ата-аналарды мектептегі қосымша спорттық үйірмелердің жұмыс жасауын құлақтар ету мақсатында спорттық үйірмелер туралы мәліметтер мектептің әлеуметтік парақшаларына орналастырылды. Күзгі каникул кезінде спорттық туризм үйірме алушылар арасында жарыс ұйымдастырылды. ҚР тәуелсіздігінің 30 жылыдығына арналған спорттық бағдарлау қалалық чемпионатына Салимгереева А 1 оынды жеңіп алды. 22 –ші қазан күні өткен қалалық біріншілікте Салимгереева Азиза 18 лабиринттік қашықтықта 1 орын иеленді. Мурзамадинов Қолғанат- спорттық бағдарлаудан 1 орын алды. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерекесіне орай 14 желтоқсан күні оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мақсатында «Кристалл» мекемесімен бірлесіп волейбол, баскетбол, таэквандо, спорттық би үйірмелерінің салтанатты ашылуы болды. Үйірмелер ашылу салтантына әкелер мектебінің төрағасы Нұсқабаев Қуандық пен қамқоршылық кеңес төрайымы Кушербаева Гүлназым қатысты. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арналып айлық іс-шаралар негізінде Аймақтық шағын футболдан К.Нокин атындағы ауыспалы кубогі турнирі өткізілді. Мектеп базасында қалалық жас туристер стансасы жоспарына сәйкес «Туризм қырандары» спорттық туристік жарыс өтті. Мақсаты жасөспірімдер арасында туризмді дамыту, туристік техниканы

арттыру. 10 ақпан күні 2 а.э сынып оқушылары арасында «Әлемдегі бар бала бақытты» атты спорттық сайыс өтті. Ұйымдастырушысы: Дене шынықтыру пәні мұғалімі Ақжарбай Мейрхан. 10 ақпан күні мектеп базасында «қалалық жас туристер стансасы» МКҚК ұйымдастыруымен үйірмешілерге арналған «Алтын жумар» спорттық туризмнен жарыс өтті. 2021 жылдың 30 – желтоқсанда жасанды шынға өрмелеуден облыстық ашық біріншілікке қатысып келесі жүлделі орындарға ие болды Салимгореева Азиза I орын. 2022 жылдың сәуір айының 5 – 14 аралығында Тараз қаласына мектеп оқушылары қатыстырылды нәтижесінде XI жазғы Қазақстан оқушылар гимназиадасы аясында спорттық бағдарлаудан қыздар арасындағы эстафетасында III орын алған Салимгореева Азиза W18 дипломмен марапатталды. 2022 жылдың сәуір айында 5 күні өткен жасанды шынға өрмелеуден облыстық жарысында I орын Салимгореева Азиза. 7- мамыр күні мектеп базасында қоғам қайраткері К. Нокиннің 95 жылдық мерейтойына арналған білім беру қызметкерлері арасында дәстүрлі облыстық кіші футболдан турнир ұйымдастырылды. Турнирге Темір, Ырғыз және қала мектептерінен мұғалімдер қатысты. Нәтижесінде 1 орынды- Темір ауданы, 2 орынды- 61 мектеп, 3 орынды – 75 мектеп алды. 16-21 мамыр аралығында оқушылар арасында футболдан мектеп лигасы өтті.

ШЕШІМ: Мектептегі дене тәрбиесі және салауатты өмір салты бойынша жүргізілген тәрбие жұмыстары дұрыс жолға қойылған және онлайн форматта ауырлығы сезілді.

Ұсыныс: Ұлттық спорт түрлерін дамыту қойылсын.

Құқық тәрбиесі бойынша жүргізілген жұмыстарының қорытындысы

Бүгінгі таңдағы жасөспірімдер қылмысы қоғамдық дерт болып отыр. 2021-2022 оқу жылында тәрбие жұмысының құқық бағыты бойынша алға қоятын ең басты мақсат: оқушыларға құқықтық білім насихаттау, өз құқықтарын терең ұғынуға тәрбиелеу, жаман әдеттерден аулақ болу, қылмыспен құқық бұзушылықтың алдын алу және қазіргі таңда жастар арасында болатын келеңсіз жағдайлармен таныстыру. Мектепте құқықтың жұмысының моделі құрылды. Құқықтық жұмысының негізгі бағыттары – құқықтық жалпыға бірдей білім беру жұмысын жүргізу, құқық кеңесінің жұмыстарын ұйымдастыру, «Қиын» оқушылармен, ҚІБ-ң инспекторымен жұмыс жасау, өзін-өзі басқару ұйымын құру, қалалық семинарға қатысуы.

2021-2022 оқу жылында құқық бұзушылықтың алдын алу, құқықтық тәртіпті нығайту мақсатында оқу жылының басында қиын оқушылармен жұмыстың жоспары ҚІБ-мен бірлесе бекітілді. Мектеп инспекторы оқушылармен тығыз байланыс орнатып, оларға келеңсіз оқиғалар, суық қару, жасөспірімдер арасында қылмысты болдырмау, кешкі мезгілдерде көшеде жүрмеу, кешкі рейд жасалып отырды, ұялы телефонның жоғалуы кезіндегі негізгі мәліметтер тақырыптарында лекция оқып, түсініктеме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, діни бағыттар тақырыбында бейнетаспалар көрсетілді.

Мектепшілік тіркеуде тұрған оқушылар:

№	Оқушылардың аты-жөні	Туған жылы	Класс	Есепке қою себебі Мерзімі	Жанұя жағдайы	Қандай жұмыстар жүргізіледі	Бос уақытының ұйымдастырылуы	Мекен-жайы
1	Бекжанов Мадияр	25.10.2008ж.	7 «а» класс	Ұсақ құқықбұзушылық (Ұрлық жасағаны үшін) 16.10.2020ж.	Толық отбасы	Оқушыға психологиялық-педагогикалық зерттеулер жүргізіп, үнемі бақыланып қоғамдық жұмыстарға араластырылып отырылады.	Бокс үйірмесіне 2019 жылдан бастап қатысады.	К.Нокин.ул. Аманат 26
2	Алпысбаев Бейбарыс	28.11.2008ж.	7 «ә» класс	Ұсақ құқықбұзушылық (Ұрлық жасағаны үшін) 16.10.2020ж.	Толық отбасы	Оқушыға психологиялық-педагогикалық зерттеулер жүргізіп, үнемі бақыланып қоғамдық жұмыстарға	Футбол үйірмесі-2019 жылдан бастап, шахмат үйірмесі-2021 ж.	К.Нокин.ул. Аманат 35

						араластырылып отырылады.		
3	Лайық Абдолла	13.03.2013ж	3 «ә» класс	Ұсақ құқықбұзушылық (Ұрлық жасағаны үшін) 20.08.2021ж	Толық емес отбасы	Үнемі бақыланып қоғамдық жұмыстарға араластырылып отырылады. Сынып жетекшісімен байланыста болады.	Шахмат - 2021 жылдан бастап	К.Нокин.ул. Серуен 15
4	Жақсылық Мейірбек	06.08.2021ж	4 «б» класс	Ұсақ құқықбұзушылық (сыныптасына қол көтергені үшін) 02.03.2022ж	Толық отбасы	Үнемі бақыланып қоғамдық жұмыстарға араластырылып отырылады. Сынып жетекшісімен байланыста болады.	Күрес, шахмет, қылқалам үйірмесі	К.Нокин.ул. Кеменгер 47
5	Жұмамұрат ұлы Марлен	16.06.2006 ж	9 «а» класс	Ұсақ құқықбұзушылық (балалармен төбелескені үшін) 25.04.2022ж.	Толық отбасы	Оқушыға психологиялық-педагогикалық зерттеулер жүргізіп, үнемі бақыланып қоғамдық жұмыстарға араластырылып отырылады.	Баскетбол, волейбол, «Физика және техника» үйірмелері	К.Нокин.ул. Балауса 2
6	Аманжолов Жанарыс	03.08.2007 ж.	9 «а» класс	Ұсақ құқықбұзушылық (балалармен төбелескені үшін) 25.04.2022ж.	Толық отбасы	Оқушыға психологиялық-педагогикалық зерттеулер жүргізіп, үнемі бақыланып қоғамдық жұмыстарға араластырылып отырылады.		К.Нокин.ул. Жаңақұрлыс 56
7	Сайлаубай Нұржігіт	18.11.2006 ж.	9 «а» класс	Ұсақ құқықбұзушылық (компьютерлік ойынға барғаны үшін) 25.04.2022ж.	Толық емес отбасы	Оқушыға психологиялық-педагогикалық зерттеулер жүргізіп, үнемі бақыланып қоғамдық жұмыстарға араластырылып отырылады.		К.Нокин.ул. Үркер 22
8	Ғалымжанұлы Талап	23.04.2007 ж.	9 «а» класс	Ұсақ құқықбұзушылық (компьютерлік ойынға барғаны үшін) 25.04.2022ж.	Толық отбасы	Оқушыға психологиялық-педагогикалық зерттеулер жүргізіп, үнемі бақыланып қоғамдық жұмыстарға араластырылып отырылады.		К.Нокин.ул. Сады 1

Оқушылармен жүргізілетін жеке тәрбие жұмыс жоспары құрылып, қиын оқушыларға арналған күнделіктер жүргізілді. Класс жетекшілер ата-аналармен тығыз байланыста болып, оқушылардың сабаққа қатысымын, үлгерімін үнемі қадағалап тұрды. Класс жетекшілердің оқушылармен жүйелі, нақты, жоспарлы жұмыс жүргізгендіктері көрінді. Жыл бойы есепте тұрған оқушылар мектепшілік үйірме, спорт секцияларға тартылды. Мектеп психологі оқушыларға психологиялық қызмет көрсету мақсатында жеке әңгімелер, сауалнамалар өткізді. Жұмыс барысында класс жетекшілер Заречный ПБ-нің инспекторымен тығыз байланыста болып, көптеген жеке жұмыстар, әңгімелер, сыр-сұхбаттар жүргізді. жүргізді. «Қиын» оқушылардың мәселелері құқық кеңесінде, класс жетекшілер жиналысында, әкімшілік жанындағы кеңесте үнемі қаралып отырды. Класс жетекшілер тоқсан сайын есеп беріп отырды Мектептегі құқықтық жұмысының бір саласы оқушыларға құқықтық білім насихаттау. Оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру мақсатында 1-11 класс аралығында оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру бағдарламасы орындалды. Жасөспірімдердің қылмыс бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жоспары ҚІБ-мен бірлесе бекітілген. Сонымен қатар, мектеп инспекторы оқушыларға қылмыс бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Жасөспірім арасындағы құқық

бұзушылықты алдын-алу», «Оқушылардың бақылаусыздығы», «Қылмысқа бейім оқушылар» тақырыбында баяндама, пікірталас онлайн форматта өткізілді. Мектеп инспекторы Б.Үкібайдың ұйымдастыруымен 8-11 класс оқушыларының арасында «Бала құқықтары» туралы конвенция және «Қазақстан -2050» стратегияның бағыттарымен таныстыру», «Жасөспірім және қоршаған орта» мектепшілік тіркеуде тұрған және «Тәуекел» тобындағы оқушылармен әңгіме-пікірталас және «Балалар құқығын және қызығушылығын қорғау» атты тақырыпта түсіндіру жиналыстары, Конституция баптары және конвенциямен толығырақ таныстырылды. Сонымен қатар, «Қазіргі кезде жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғаларды болдырмау» атты дөңгелек үстел, түсіндірме жұмыстарын өткізіп, нәтижесінде көптеген оқушыларды толғандырып жүрген сұрақтар өз шешімін тапты. Қазан, қараша, желтоқсан, ақпан, наурыз айларында ҚББ-нің бұйрығымен күндізгі және кешкі уақыттарда әкімшілік, мұғалімдер, ата-аналар комитетінің тарапынан ҚІБ қызметкерлерімен байланыса отырып кафе-бар, саяжайлар мен компьютерный клубтар т.б. жерлерге рейдтер өткізіліп тұрды. Мектебімізге әр жұма күні мектеп инспекторы келіп, оқушылармен бірлесе жұмыс жүргізіп отырады. Мектеп жасөспірімдер инспекторымен тығыз байланыста болды. Оқу жылының басында біріктіре құрған жоспар бекітілді. Жасөспірімдер инспекциясының инспекторлары әр түрлі іс-шараларға қатысты. Құқық кеңесінің онлайн форматта өткен отырыстарында «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу», «Жасөспірімдердің тәртібі мен міндеті», 9-11 класс оқушыларына «Кәмелетке толмағандардың арасындағы өз-өзіне қол жұмсау», «Тәртіп және заң», «Қиын балалармен жұмыс ұйымдастыру» тақырыптарында әңгіме-пікірталастар өткізілді. Мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен «Ақтөбе қаласы ішкі саясат бөлімі» ММ-нің, Дін істері мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығының, теолог маманы Орынбай Мәди, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, №4 ҚІБ ЖПҚ ККТІЖ УПИ қызметкері Б.Үкібайдың қатысуымен «Дін, терроризм мен экстремизм, құқықбұзушылық пен жауапкершілік» тақырыбында онлайн форматта 8-11 класс оқушыларымен дәріс сабағын өткізді. Бұл сабақ оқушының діни сауаттылығын арттырып, басқа ағымдарға түсіп кетпеудің алдын алу мақсатында бағытталды. Теолог маман Орынбай Мәдиге ашық сұрақтар қойылды. Дін жөнінде мағлұматты тек арнайы теолог мамандардан немесе мешіт имамдарынан алуға кеңес ұсынылды. Мектеп инспекторы Б.Үкібай және №4 ПБ участкелік инспекторы Нуғманов Бауыржан Максимовичпен 17-ші мамыр күні «Құқықбұзушылық пен жауапкершілік» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. АӘД пәні мұғалімі Б.Тағабиргеновтің ұйымдастыруымен «Терроризм актісінің қауіпі туындаған немесе терроризм актісі жасалған жағдайдағы әрекеттер» туралы мектеп оқушыларымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жыл басында құқық кеңесінің жұмысы ұйымдастырылды, бұйрық шығып, құқық кеңесінің құрамы бекітілді. Құқық кеңесінің құрамына мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологы кірістірілді. Жыл бойы қаралған сұрақтардың тақырыптары әр түрлі болды: оқушылардың тәртібі, сабақ үлгерімі, класс жетекшілердің қиын оқушылармен жүргізілген жұмыс есептері, дін жолына бет бұрмау, т.б. Құқық кеңесіне үнемі Заречный ПБ-ның инспекторы қатысып отырады. Құқық кеңесінің отырыстары жоспарлы, уақытылы өтіп, заңға сәйкес қаулылыр қабылданды. Осы оқу жылында класс жетекшілер оқушылардың тәртібіне баса назар аударып, ата-аналармен жүйелі, тығыз байланыс орнатты.

ШЕШІМ: Мектептегі қиын оқушылармен жүргізілген жұмыстарды қанағаттанарлық деңгейде. Себебі, биылғы оқу жылында Заречный ішкі істер бөліміне ешқандай оқушы тіркеуге алынған жоқ. Оның өзі жасалған жұмыстардың нәтижесі.

ҰСЫНЫС: Мектеп психологы оқушылармен, қиын тәрбиеленетін оқушылармен түрлі деңгейде жұмыстар жүргізсін.

Өз - өзіне қол жұмсау бағытын басты назарда ұстап, оқушыларға сол бағыт бойынша көптеген жұмыстар өткізсін.

Мектептегі балалар ұйымдары, үйірме жұмыс қорытындысы туралы.

Қазіргі заманғы мектептер өсіп келе жатқан жеке тұлғаны қандай бағытта дамытатындығы, жеке тұлғаның әлеуметтік және шығармашылық мүмкіндіктерін ашуы еліміздің дамуы мен гүлденуіне қатысты. Қоғамда, отбасында және мектепте балаларға жағдай жасаудың маңызы зор. Ал, мектебіміздегі оқушы жеке тұлғасының дамуы негізгі мәселе ретінде төмендегідей қағидаларға негізделеді.

- Мектеп өмірін ізгілендіру мен демократияландыру арқылы оқушының жеке тұлғасын дамыту;

- Оқушының жеке тұлғасын дамытуға бағытталған оқу-тәрбие үрдісінде жаңа технологияларды кеңінен қолдануды талап етеді;

- Сабақтан тыс тәрбие жұмысында жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай туғызатын оқушылардың іс-әрекетінің түрлерін таңдау және оны жүйеге келтіру.

Оқу жылы бойынша мектепте 16 үйірме және 12 спорт секциялары жұмыс жасады. Бұл үйірмелерге қатысатын жалпы оқушылар саны – 206. Мектеп оқушыларының 56 пайызы үйірмелерге тартылған. Мектептен тыс үйірмелерге мектеп бойынша 20 оқушы яғни, 6 пайызы қатысады. Мектеп бойынша үйірмеге жалпы 281 оқушы бойынша 76 пайызы тартылған. Оның ішінде мектептен тыс үйірмелер (бокс, грек-рим күресі, таэквон-до, би, футбол, домбыра, қол өнер, т.б.) Мектептен тыс үйірмелерге қатысқан оқушылардың да көптеген жетістіктері бар. Атап айтар болсақ, Салимгереева Азиза мен Құдайбергенов Сұлтан, Музамадинов Қолғанат спорттық туризм, бокстан жүлделі 1,2 орын иегерлері. Киікбай Карина республикалық «Ақ көгершін» эстрадалық байқауынан т.б жарыстардан жүлделі орын иегері т.б. Оқушылардың сабақтан тыс бос уақыттарында жүргізілетін үйірмелердің барлығы осы оқу жылында онлайн форматта ұйымдастырылды, үйірмелерге тоқталатын болсақ:

«Шебер қолдар» үйірмесінің негізгі мақсаты: оқушылардың шеберлігін, өнерге деген икемділігін баулу, ізденімпаздыққа, өз бетімен жұмыстануға және шығармашылыққа тәрбиелеу. Үйірме жетекшілері-Жантурина Марфуха Саменовна. Үйірме 4 а,ә класс оқушылары аралығында жүргізіледі. Үйірмеге 39 оқушы қатысады. Үйірмеде оқушыларға кез-келген заттың қалай және эстетикалық талғамға сай жасалу керектігі үйретіледі.

«Қылқалам шеберлері» үйірмесінің негізгі мақсаты: оқушылардың рухани дүниесін байыту, ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыра отырып, балаларды этикалық эстетикалық көзқарасқа тәрбиелеу. Үйірме жетекшілері: Амитова Рауза, Әбіқайыр Ердаулет Үйірмеге 3 а,ә-кластан және 4 б кластардан, барлығы 62 оқушы қатысады. Бағдарламада сурет салу әрекетінің жүйеленген ресурстары арқылы балалар шығармашылығын түрлі жанрдағы көркем салу арқылы іске асуына негізделген. Нәтижесінде апталықтар барысында оқушылар Тәуелсіздік мерекесіне орай, қалалық деңгейде өз өнерлерін көрсетті.

«Баскетбол» үйірмесінің негізгі мақсаты: оқушыларды шапшаңдыққа, ептілікке үйрету, өзара ойынға деген қызығушылығын арттыру. Үйірме жетекшісі – Ақжарбай М. Аптасына 2 рет өткізіледі. Үйірмеге 7-10 класс оқушылары арасынан 30 оқушы қатысады.

«Волейбол» үйірмесінің негізгі мақсаты: жастарды шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Үйірме жетекшісі – Балғожин Болат. Үйірме 8-11 класс оқушылары арасында жүргізіледі. Үйірмеге 30 оқушы қатысады.

«Тоғызқұмалақ» үйірмесінің негізгі мақсаты: оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, күрмелі бір істің күрмеу жібін тез шешуге дағдыландыру, шапшаңдыққа баулу. Үйірме жетекшісі – Кабылғалимов Агоран. Үйірме аптасына 2 рет жүргізіледі. Үйірмеге 20 оқушы қатысады.

«Футбол» үйірмесінің негізгі мақсаты: оқушыларды спортқа баулу. Үйірме жетекшісі: Кайнадин Б.К. Бұл үйірме аптасына 2 рет өткізіліп тұрады. Үйірмеге 5-7 класс оқушыларынан 28 оқушы тартылды.

Сонымен қатар мектептен тыс сурет, би, ән, аспаптық жанр бойынша және түрлі спорттық (бокс, таэквондо, күрес, футбол) үйірмелеріне де оқушылар көптеп қатысады. Бұл оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануына көп көңіл бөлуінде. Оқушыларымыздың дені сау ұрпақ болып өсуіне, салауатты өмір салтын сақтануына баса назар аударуымыздың жемісі.

«Жас ұлан» балалар ұйымының негізгі мақсаты: Ел президенті Қ.К Тоқаевтің «Еңсесін енді көтеріп келе жатқан біздің еліміз үшін дарынды ұрпақтың орны бөлек» деп айтқан сөздерін құптай отырып «көңілдің гүлі, көздің нұры» болған ұрпақ тәрбиесіне деген ынтымамызды күшейте түсу ол біздің басты парызымыз.

2021-2022 оқу жылының «Жас Ұлан» ұйымы мүшелерін жан-жақты дамуыту, тәрбиелеуде жеке тұлғаны қалыптастыру» бағытында біршама жұмыстар атқарылды. 2021-2022 оқу жылында атқарған жұмыстарға талдау арқылы оқу жылының міндеттер айқындалды, ұйымдастыру шаралар іске асты: мектеп комитеті сайланды. Мектептің ұланбасы да сайланды. Мектебіміздің ұланбасы 9 класс оқушысы Айдынғалиева Жансая. Осы сайланған мүшелердің барлығы Ұйымның жұмысына өз үлестерін қосып бірнеше жұмыстар атқарды. Оқушылардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жиналды, комитет жоспарының бағыттары белгіленді, сынып старосталары сайланды.

Төмендегі бағаттар бойынша бөлім басшылары сайланды. Ұйым тәрбие жұмыстары төмендегі бағыттарды қамтыды:

1. Зерде
2. Руханият
3. Отан
4. Салауат
5. Еңбек
6. Жеті жарғы
7. Экоәлем

Ұланбасының орынбасары: Айдынғалиева Жансая

Бөлімбасы: Дулатова Биназар

«Зерде» бағытының бөлімбасы: Манарбек Гүлнұр

«Руханият» бағытының бөлімбасы: Тилеулиева Жұлдыз

«Отан» бағытының бөлімбасы: Қожақұлова Әсем

«Жеті жарғы» бағытының бөлімбасы: Адлханова Гүлзат

«Салауат» бағытының бөлімбасы: Жұмамұратұлы Марлен

«Экоәлем» бағытының бөлімбасы: Асылбекұлы Айбек

«Еңбек» бағытының бөлімбасы: Қуандық Ерасыл

2021–2022 оқу жылында «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына 26 оқушы, «Жас Қыран» ұйымына 35 оқушы қабылданды. Жыл басында 2021-2022 оқу жылында мектепшілік Республикалық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жылдық жоспары 7 бағыт бойынша құрылып, бекітілді. Жалпы Ұйым жұмысында жүргізілетін басшылыққа алынатын жұмыстар:

- Мектепшілік ар-намыс кодексін, ережелердің орындалуын қадағалау;
- Қамқорлық пен қайырымдылық акцияларын жүргізу;
- Жас Қырандармен жұмыс жүргізу, тәрбие шараларға тарту;
- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- «Мектеп тынысы» газетін насихаттау, жарнамалау, тарату;
- Басқа да қоғамдық ұйымдармен байланыс орнату;
- Жиналыстар мен отырыстарды хаттау;
- Ұйым құжаттарына арналған папкалардың жай-күйін қадағалау;
- Ұйымның ары қарай жұмыс істеуіне мүмкіндіктер туғызу және белсенділігін арттыру.

1 қыркүйек білім күніне арналған, «Кел балалар оқылық» салтанатты жиыны өтті.

2021-2022 оқу жылының басты ерекшелігі қазақ әліппесінің негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы әдістемесі негізінде ұсынылған «Әліппе» оқулығы қайта оралып, алғаш мектеп табалдырығын аттаған 1 сынып оқушыларына табысталды.

2021 жылдың 7 қыркүйек күні «Денсаулық фестивалі-2021» іс –шарасы өткізілді.

Қазақстан Республикасы халқының тілдер мерекесі барысында оқушыларды тіл және сөз құдіретін тану, бойларына рухани-адамгершілік қасиеттерін ұялату мақсатында 5 сынып оқушылары арасында «Сөз тапқанға қолқа жоқ» атты сыныптан тыс шара өткізілді.

«Күз сыйы» атты күзге арналған көрменің өткізілуі туралы табиғат жаратылысы өзіне тән жыл он екі ай төрт мезгілімен ұштасады. Әр жыл мезгілдерінің өзіне тән қасиеттері бар. Бірі жаныңа жылулық сыйласа,бірі қайта туған жауқазындай бүршік атып жатады, ал бірі суығына үйретіп, өз сұлулығымен таң қалдырып, тірі жандардың жүрегінен орын алады. Сол мезгілдердің бірі- алтын күз, табиғатымызды сары жапырақтарымен сәндеп, қоңыр салқын ауа-райымен кенелтеді. Қырман басы тазаланып, бау-бақша жиналып, молшылықтың, байлықтың, берекенің болатын уақыты. Осындай күз мезгілінің кереметін балаларымызға насихаттау барысында 2021 жылдың 11 қазанында «Күз сыйы » тақырыбында жеміс-жидектер, көкөністерден жасалған көрме ұйымдастырды. Көрмеге оқушылар өз қолдарынан жасалған шығармашылықтарын паш етті. 2-4 сынып оқушылары арасында “Аяулы - күз, алтын - күз” байқауы өтті. Оған мектеп басшылары және қонақтар, және де кішкене бүлдіршіндері қатысты. Оқушылар күз мерекесімен танысып, ортаға өздері жаттаған тақпақтары мен билерін билеп өз өнерлерін көрсете білді.Оқушылар күз мерекесінде астықтың пісуімен жеміс жидек,дәнді дақылдардың жиналатын кезін, қысқа азық ретінде жиналатынын білді. Әрі күз жапырақтар сарғайып жерге тісетінін, жаңбырлы маусым екенін танып білді. «Алтын күз» мерекесі жоғары деңгейде өтті.

Қыркүйек айының 19 жұлдызы күні «Отбасы-бақыт мекені» атты сурет көрмесі жоғары деңгейде өтті. Ата-ана мен оқушы арасыдағы ізгі қарым-қатынастың орнауына ықпал ете отырып, отбасындағы еңсесі биік, атағы шыққан ұлдар мен қыздарды ұлықтай отырып, құндылықтарын сақтауға үйрету мақсатында өтілген іс-шараға 25 оқушы қатысты.

"Қарты бар ел - қазыналы ел" демекші, үлкенге құрмет көрсету, өмірлік тәжірибелері мен ақыл-кеңестері, тәлім-тәрбиесі бүгінгі ұрпаққа үлгі болатын қарияларымызды сыйлау, ізеттілік таныту - ата-бабаларымыздан келе жатқан салтымыз. Қарттарын қадірлеген қазақ халқы үшін де күнтізбедегі 1 қазан - Қарттар күні деп белгіленген. Осы орайда талай жасты тәрбиелеп, өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге бола білген қарияларымызды аталмыш төл мерекесімен құттықтау мақсатында оқушылар мектеп жанында тұратын қарттарымызға өз ыстық лебізімізді білдірді. Сонымен қатар мектеп “Еріктілер” тобы қарттарымызға өз көмектерін көрсетіп аула ішін жинастырып берді.Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиелеу жолында сарп қылған қарияларымызға ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, қажымас қайрат тілейміз.

Ұстаздар күніне орай «Ұстаз сізге мың алғыс!» Оқушылардың жүрек жарды құттықтаулары челлендж ұйымдастырылды.

26-шы қараша күні 1 желтоқсан – Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күніне орай «АИТВ-ның алдын алу» тақырыбында арнайы маманмен 8-11 класс оқушыларына арнап дәріс өткізілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Менің атым Қожа» кітабынан үзінді оқылды.

«Бақытты бала» концертті ұйымдастырылды

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Айгөлек» балалар фестивалі өткізілді.

«Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Тәуелсіздікке тарту

«Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» интеллектуалдық сайыс өтті.

Сәуір айының 25-і күні К.Нокин мәдениет үйінде №65 ЖББОМ ұжымы мен мәдениет үйі қызметкерлерінің ұйтқы болуымен ауыр дертке ұшыраған жас жігіт Асланға қолдау көрсету мақсатында "Жақсылық жасап жарысайық" тақырыбында қайырымдылық концертті

өтті. Оқушылары мен ата-аналар, педагогтер қолдау көрсетіп, қатысты. Нәтижесінде концерттен түскен 350 мың теңге көлеміндегі қаражат Асланның есебіне аударылды. Жаксылық жасауға асыққан әр жанға алғыс айта отырып, қадамдарыңызды сауапқа жазсын,-дегіміз келеді, Асланның еміне шипа болып, қатарға қосылуына тілекшіміз.

Рухани- адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу мақсатында болашақта «Жас Ұлан» ұйымының жұмысын жандандырып елімізге қызмет ететін белсенді, білімді, тәрбиелі оқушыларды дайындап шығамыз деген ойдамын. Басқа да қоғамдық ұйымдармен белсене жұмыс жасайтын боламыз.

1-ші наурыз күні «Алғыс айту» күніне орай мерекелік құттықтау видеоролигі жарияланды.

04-ші -07-ші наурыз күндері 8 наурыз мерекесіне орай оқушылардың туындыларынан көрме ұйымдастырылды.

12-ші наурыз күні Амал мерекесіне орай «Қош келдің, Әз Наурыз!» аталып өтті, әлеуметтік желілерге мерекелік бейнеролик жарияланды.

29-ші сәуір-01 мамыр күндері аралығында «Қазақстаным – көпұлтты мекенім» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды.

07-ші мамыр күні Отан қорғаушылар күніне орай мерекелік құттықтау дайындалды.

09-ші мамыр күні «Ұлы ерлік – ұрпаққа үлгі» тақырыбында «Жас Ұлан» ұйымы оқушылардың бейнеролигі мектептің әлеуметтік желілеріне жарияланды.

24-ші мамыр күні мектеп ФОЭ- де 1-8 сыныптарға «Сыңғырла, күміс қоңырау» жиыны ұйымдастырылды.

25-ші мамыр ашық алаңда 1-4 және 9-11 кластар үшін «Сыңғырла, соңғы қоңырау» шарасы ұйымдастырылды.

1-ші маусым күні Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Біз бақытты баламыз » атты мерекелік жиыны ұйымдастырылды.

Ш Е Ш І М:

Үйірме жұмыстары онлайн форматта болғандықтан түрлі деңгейдегі жарыстар қатысу мүмкіндігі болмады және балалар ұйымының жұмысында челлендж және онлайн түрде өтті.

Ұ С Ы Н Ы С:

- Үйірме жұмыстары алдағы оқу жылында жүйелі қолға алынсын.
- Мектеп оқушылары мектептен тыс, мектепшілік үйірмелерге көптеп қатыстырылсын.
- Оқушылардың таным белсенділігін арттыру мақсатында оқушыларға вокал үйірмелерін ашу қолға алынсын.
- Мектеп президенті жұмысын қолға алу ұсынылсын.

Мектептің психологиялық қызметі бойынша;

2021-2022 оқу жылына №65 жалпы білім беретін орта мектебінің психологиялық қызметтің жылдық жұмыс жоспары құрылып, төмендегідей мазмұнда жұмыстар атқарылды.

Қазіргі таңда мектебімізде 371 оқушы білім алуда, 19 класс комплект бар. Жоспарға сәйкес жүргізілген ұйымдастыру-әдістемелік бағыттағы жұмыстар:

Жыл басында 2021-2022 оқу жылына жоспар құрылып, бекітілді. Қыркүйек айында класс тізімдерін жинақтау, ата-аналардан психологиялық қызметтің жүргізілуіне келісім парағын жинақталды, Жаңадан келген оқушылармен танысу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, кәсіби біліктілікті жетілдіру мақсатында курстарға, семинарларға, конференцияларға қатысып отырдым. Атап айтар болсақ, «Педагог-психолог қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктері»-72 сағат, «Педагог-психолог қызметінің жылдық жұмыс жоспары»-72 сағат, «Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту», «Білім беру жүйесіндегі педагогтердің медиативтік құзіреттілігін қалыптастыру»-40 сағаттық курстар. Сонымен бірге, «Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда сынып жетекшісінің ролі» тақырыбындағы қалалық семинарға қатысып, 6 «а» сынып жетекшісімен бірлесіп «Балаларды тәрбиелеуде мектеп пен ата-ананың ынтымақтастығы» тақырыбында баяндама жасадық. «Халықаралық шығармашылық пен ғылымның дамуын қолдау қоры» қоғамдық қоры ұйымдастыруымен өткізілген халықаралық конференцияда «Оқушылардың ойын

іс-әрекетін ұйымдастыру – тәрбиенің негізгі құралы» тақырыбында баяндама ұсынылды. «Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында белсенді оқыту әдістері» тақырыбындағы қалалық семинарда мұғалімдерге «Менің шуақты әлемім» тренинг өткізілді. Жоспарға сәйкес оқушыларға сауалнама жүргізілді. Сауалнама қорытындысының ұсыныстары сынып жетекшілерге таныстырылып отырылды. Сауалнама қорытындысы бойынша психологқа бағыттаған оқушылармен жеке сөйлесіп кеңес берілді. Күрделі мәселелерді шешуде, мектепте психологиялық қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қызметі туралы» үлгілік ережеге сәйкес 2021-2022 оқу жылында «мобильдік топ» құрылды.

Диагностикалық бағыттағы жұмыстар: 1 класс оқушылары үшін, оқушыларды мектеп бағдарламасына бейімдеу мақсатында «Кернйирасик» әдістемесі жүргізілді. Бұл әдістемеге 1 «А», 1 «Ә» оқушылары қатыстырылды. Жалпы оқушы саны -49. «Жоғары», «Орташа жоғары», «Орташа», «Төмен» көрсеткіштермен белгіленді.

№	Класс	Оқушы саны	жоғары	Орташа жоғары	Орташа	Төмен
1	1	49	9	7	33	0

Сонымен қатар, 1 класс оқушыларының қарым-қатынасын, әлеуметтік ортаға бейімделу жағдайын анықтау мақсатында «Менің класым» әдістемесі жүргізілді. Әдістемеге жалпы саны-49 оқушы қатыстырылды. Әдістеме қорытындысы бойынша қолайлы әлеуметтік - психологиялық позициядағы оқушылар-49.

Мектепке оқуға бейімделу кезеңінде бейімделу процесі төменгі деңгейді көрсеткен оқушы жоқ.

5 класс оқушыларынан мектепке деген мотивациясын, сыныптастарымен, ата- аналарымен қарым қатынасын және сабаққа деген қызығушылық деңгейін анықтау мақсатында Н.Лусканованың «Мектептегі мотивация деңгейін анықтау» сауалнамасы және «Менің сыныбым» әдістемесі жүргізілді.

№	Класс	Оқушы саны	Қалыпты, Бейімделуі жақсы	Бейімделуі орташа	Төмен
1	5	27	26	1	0

5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі кезінде мынадай ұсыныс берілді.

Пән мұғалімдері жоғарыда аталған оқушыларды ескере отырып, балада орта буынның бірінші айларында бейімделу мәселесі болатындығына байланысты, оның іс әрекеттерімен өзін ұстауына түсіністікпен қарау.

10 класс оқушыларынан мектепке деген мотивациясын, сыныптастарымен, ата- аналарымен қарым-қатынасын және сабаққа деген қызығушылық деңгейін анықтау мақсатында Н.Лусканованың «Мектептегі мотивация деңгейін анықтау» сауалнамасы жүргізілді.

№	Класс	Оқушы саны	Қалыпты, Бейімделуі жоғары	Бейімделуі орташа	Төмен
1	10	11	11	0	0

Оқушылардың өз құқығын қорғаудағы проблемаларын шеше білу және осы мәселе бойынша балалардың көзқарасын білу мақсатында оқушылардан «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» сауалнамасы алынды. Сауалнамаға 6-7-8 сынып оқушылары қатыстырылды. Сауалнаманы жалпы-83 оқушы тапсырды. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың зорлық-зомбылық туралы жалпы түсінігі бар. Оқушылардың өз құқығын қорғаудағы мәселелерді шеше біледі.

8-11 класс оқушыларынан ДАСС сауалнамасы алынды. Мақсаты: Оқушылардағы стресс, депрессия, мазасыздық деңгейлерін анықтау. Сауалнамаға жалпы 87 оқушы қатысты. Қорытынды бойынша суицидке бейім оқушы анықталмады. Мазасыздықтың жеңіл, орташа түрінде байқалған оқушылармен жеке сөйлесіп, кеңес берілді.

Оқушылардың мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында Зунг шкаласы (Т.И.Балашова бойынша) сауалнама алынды. Сауалнама 6-7-8-9 сыныптар арасында өткізілді. Қорытындысы бойынша өз деңгейіне сай қалыпты деңгейді көрсетті. 10-11 сынып оқушыларынан Спилберг

әдістемесі жүргізілді. Сауалнама қорытындысы бойынша мазасыздық деңгейі орташа түрінде оқушылармен жеке әңгіме жүргізілді.

Мектептегі жаңадан келген мұғалімдердің жаңа ортаға бейімделуін анықтау мақсатында «Мектептегі психологиялық ахуал» тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнамаға 10 жаңа педагог қатысты. Сауалнама нәтижесінде мұғалімдердің ұжымға бейімделуі қалыпты деңгейді көрсетті.

Класс жетекшілерден мұғалімдердің сыныпқа деген көзқарасын анықтау мақсатында сауалнама алынды. Сауалнамаға -19 класс жетекші қатысты.

8 класс оқушыларына мектептегі жеткіншек және жасөспірімнің ақыл-ой деңгейін диагностикалау мақсатында «Интеллектіні зерттеудегі ШТУР әдістемесі жүргізілді. Әдістеме қорытындысы оқушылар тапсырмаға өз деңгейлерінде жауап берген.

6-7 сынып оқушыларының мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында «Мазасыздықты диагностикалаудың жедел әдісі» (Филипса тестінің модификациясы) сауалнамасы өткізілді. Сауалнама қорытындысы бойынша мазасыздық деңгейі жоғары көрсеткіш көрсеткен оқушы анықталмады.

Оқушылардың темперамент типін анықтау мақсатында Темпераментті анықтау (Б.С.Волков, Н.В.Волков) әдістемесі жүргізілді. Сауалнамаға 23 оқушы қатысты. Қорытындысы бойынша холерик типті-4, сангвеник типті-7, флегматик типті -11, меланхолик типті-1 оқушы анықталды.

Тұлғаның әлеуметтік бағыттылығын анықтау. Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында 9 класс Дж.Голланд сауалнама алынды. Қорытындысы бойынша 9 «а» сынып оқушылары бойынша интеллектуалдық тип-3 оқушы, әлеуметтік тип-8 оқушы, конвенциялық тип-1 оқушы, тапқыр тип-2 оқушы, әртістік тип-4 оқушы анықталды. 9 «ә» сынып оқушылары бойынша реалистік тип-1 оқушы, интеллектуалдық тип-2 оқушы, әлеуметтік тип-6 оқушы, тапқыр тип-1 оқушы, әртістік тип-1 оқушы анықталды. 11 сынып оқушыларымен «Мамандықтар әлемі» сауалнамасы жүргізілді. Сауалнама қорытындысы бойынша «есеп және аудит» мамандығы-3 оқушы, «менеджмент» мамандығы-2 оқушы, «қаржы» мамандығы-1 оқушы, «туризм» мамандығы-3 оқушы, «құқықтану» мамандығы-3 оқушы, «маркетинг» мамандығы-1 оқушы таңдаған.

10клаасс оқушыларына мектептегі жеткіншек және жасөспірімнің ақыл-ой деңгейін диагностикалау мақсатында «Интеллектіні зерттеудегі ШТУР әдістемесі жүргізілді. Әдістеме қорытындысы оқушылар тапсырмаға өз деңгейлерінде жауап берген.

Оқушылардың алаңдаушылық, мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында 8-9 сынып оқушыларына Спилберг әдістемесі өткізілді. Қорытындысы бойынша орташа деңгейді көрсеткен оқушылармен жеке сөйлесіп, кеңес берілді. 4 сынып оқушыларының 5 сыныпқа көшудегі орта буынға дайындығын анықтау мақсатында психологиялық зерттеу жұмысы жүргізілді. Психологиялық зерттеу кезінде оқушылардың топпен қарым-қатынасын анықтауға мақсатында «Соцеометрия» әдістемесі, өзін-өзі бағалауға арналған «Баспалдақ»әдістемесі өткізілді, сонымен қатар танымдық процестерін зерттеу мақсатында арнайы тапсырмалар алынды.Оқушылардың өзін-өзі бағалау арналған «Баспалдақ» әдістемесінің нәтижесі бойынша 4 «А» класы бойынша өзін-өзі жоғары деңгейдегі оқушылар саны-9-43%,орташа деңгейдегі саны-12-57%.4 «Ә» класс оқушылары бойынша өзін-өзі жоғары деңгейдегі оқушылар саны-11-61%,орташа деңгейдегі саны-7-39%.4 «б» класс оқушылары бойынша өзін-өзі жоғары деңгейдегі оқушылар саны-8-47%,орташа деңгейдегі саны-9-53%.Оқушылардың топпен қарым-қатынасын анықтауға арналған «Соцеометрия» әдістемесі нәтижесінде 4 «А» сынып оқушыларының ішінде ұнамдылар саны-9, топқа қабылданған оқушылар саны-12 оқушы болды.4 «Ә» сынып оқушыларының ішінде ұнамдылар саны-12, топқа қабылданған оқушылар саны-5, оқшауланған -1 оқушы.4 «Б» сынып оқушыларының ішінделидерге бейім-1, ұнамдылар саны-4, топқа қабылданған оқушылар саны-12.Таным деңгейлерінен- зейін, қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиял процестері зерттелді. 4 «А» классы оқушыларынан алынған таным процестерінің нәтижелеріне тоқталатын болсақ:Зейін процесі дамуы жоғары деңгейді көрсеткен оқушы саны-8-38%, орташа деңгейдегі-11-52%, төменгі деңгейлі-2-10%.Қабылдау процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны-14-67%, орташа деңгейдегі- 4-19%, төменгі деңгейлі-3-14%.Ойлау процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны-12-57%, орташа деңгейдегі- 6-29%, төменгі деңгейлі-3-14%.Есте сақтау процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны- 10-47%, орташа деңгейдегі- 9-43%, төменгі деңгейлі-2-10%.Қиял процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен

оқушылар саны- 14-67%, орташа деңгейдегі- 7-33%. 4 «Ә» класы оқушыларынан алынған таным процестерінің нәтижелеріне тоқталатын болсақ: Зейін процесі дамуы жоғары деңгейді көрсеткен оқушы саны-9-50%, орташа деңгейдегі-8-44%, төменгі деңгейлі-1-6%. Қабылдау процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны- 11-61%, орташа деңгейдегі- 5-28%, төменгі деңгейлі-2-11%. Ойлау процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны-10-56%, орташа деңгейдегі- 8-44%. Есте сақтау процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны- 8-44%, орташа деңгейдегі- 7-39%, төменгі деңгейлі-3-17%. Қиял процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны- 11-61%, орташа деңгейдегі- 7-39%. 4 «Б» классы оқушыларынан алынған таным процестерінің нәтижелеріне тоқталатын болсақ:

Зейін процесі дамуы жоғары деңгейді көрсеткен оқушы саны-10-59%, орташа деңгейдегі-6-35%, төменгі деңгейлі-1-6%. Қабылдау процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны- 9-53%, орташа деңгейдегі- 6-35%, төменгі деңгейлі-2-12%. Ойлау процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны-8-47%, орташа деңгейдегі- 7-41%. төменгі деңгейлі-2-12%. Есте сақтау процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны- 7-41%, орташа деңгейдегі- 7-41%, төменгі деңгейлі-3-18%. Қиял процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны- 11-65%, орташа деңгейдегі-6-35%. Оқушылардың өз ойын жеткізе алу дәрежесінің кендігін, заттардың сыр-сипатын қарай ажырата алу деңгейін, зейінін, үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажырата білуін және оларды санай алу мүмкіндігін және түр-сипатына қарай дұрыс бөле алу қабілетін, баланың қиялдау және ойлау, есте сақтау қабілеттерін анықтау мақсатында «Мектепке даярлық сыныбына арналған» тапсырмалар алынды.

Тапсырма алу барысында сыныпта сұрақтарға толыққанды, нақты жауап берген оқушылар басым болды. Оқушылардың есте сақтау, ойлау, қабылдау, заттарды санау, жануарларды ажырату, жазу қабілеті, түстерді және пішіндерді меңгеру қабілеті жақсы дамыған. Атап айтар болсақ:

Әбдібекова Жаннұр, Ерболатқызы Айжұлдыз, Темірланұлы Кеңес, Мұрат Раяна, Жалғасбай Жанерке, Қайсарұлы Санжар, Мырзабекова Амира, Давлеткалиев Қайырбек және т.б. Мысалы (р-л, ш-с, ж-ш) осы әріптерді анық айта алмайтын, бірақ логикалық тапсырмаларға толық жауап беріп, түстерді, пішіндерді ажырата білетін оқушылар байқалды. Оқушылар берілген тапсырмаларға жақсы жауап берді.

Тапсырмаға жауап беру барысында есте сақтау қабілеті, тіл кемістігі бар және тапсырмаға толық жауап бере алмаған оқушылар да анықталды. Тапсырма барысында жазу жағынан элементтерді жақсы меңгерген, бірақ баланың тұйықтығы басым. Олар: Мұхаммедкәрім Әмина, Қалықбай Исмайл, Жұбаниязов Нұржан осы оқушылар анықталды.

«Қабілет» жобасы бойынша жыл 4-5-6 класс оқушылары арасындағы 10-11 жастағы оқушылардан дарындылық қабілеттерін анықтау тесттері алынды. Сауалнамаға 89 оқушы қатысып, бірінші этаптан өтті. Тәртібі қиын және инклюзивті білім беретін оқушылардан «Өзін-өзі бағалау», «Лусканов», «Мен және менің достарым», «Тәрбиелену деңгейін анықтау» Капустин әдістемесі алынды.

Консультативтік бағыттағы жұмыстар: мектепке бейімделу мәселесі бойынша 1 класс оқушыларының ата-аналарына және класс жетекшілерге оқушылардың бейімделуі бойынша кеңес берілді. 5 класс оқушыларының орта буынға өтуде класс жетекшісіне бейімделу процесінің болатыны туралы кеңес берілді. 11 сынып оқушыларына ҰБТ-ге дайындық ретінде «Емтиханға қалай дайындалуға болады? Ол үшін не істеуіміз керек?», «ҰБТ-ге психологиялық дайындық» тақырыбында психологиялық кеңестер берілді.

Балалармен құқық бұзушылық пен қараусыздықтың алдын алу бойынша класс жетекшілерімен және педагогтармен жұмысты ұйымдастыру бағыты бойынша ұжымдағы психологиялық ахуалды білу мақсатында «Ұжымдағы психологиялық ауа райы» тақырыбында онлайн сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесінде ұжымдағы психологиялық ахуал қалыпты жағдайды көрсетті. «Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және каникул

кезіндегі өмір қауіпсіздігі» туралы ата-аналарға ZOOM платформасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Ұсыныс:

1. Психологтарға оқушылармен, ата-аналармен, класс жетекшілермен жұмысты нығайту;
2. Класс жетекшілерге класпен тәрбие жұмысын жүйелендіру;
3. Оқушыларды психологиялық тұрғыдан зерттеуді жалғастыру;
4. Мектептің тәрбие мәселесімен келесі оқу жылында жұмысты жалғастыру.

МЕКТЕПТІҢ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЗЕРТТЕУ БАРЫСЫ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАР

2021-2022оқу жылында тамыз айынан бастап жеңілдетілген отбасы санатынан 73 баланың құжаты қабылданды. 2021 жылдың қыркүйек айынан бастап 1-11 сынып аралығында жеңілдетілген санаттағы оқушылардың тізім жасалып бекітілді. Оқушылардың күнделікті тамақ ішуін әлеуметтік педагог бақылауында болды. Әр айда ыстық тамақ ішетін оқушылардың есебін есепшіге тапсырылып отырды. Әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық акциясы биыл «Балаларға бірге көмек берейік!» атты айдармен өткізілді. Акция еліміздің барлық өңірлерінде ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында өтті. Акцияның мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету; баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу; жетім балаларға, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болып табылады.

Республикалық «Мектепке жол қайырымдылық акциясы» аясында, ерекше санаттағы 6 оқушыға Қазақстан Халық Банкі» АҚ Ақтөбе филиалы демеушілігімен спорт киімдері мен спорттық аяқ-киімдер табысталды. Олар:

№	Аты-жөні	класы	статусы
1	Қожағали Нұрайым	1	Аз қамтылған
2	Кенжеғали Нұрғали	1	Аз қамтылған
3	Мухаммедов Жанарбек	1	Аз қамтылған
4	Сапарбай Исмаил	1	Аз қамтылған
5	Салимгореева Жанерке	1	Аз қамтылған
6	Салимгореева Назерке	1	Аз қамтылған

Сонымен қатар, акция барысында ерекше санаттағы Тимуров Саятқа қамқор демеушілер тарапынан 20 тамыз күні «Меринос» сауда үйінен күзгі күртеше сатып алынды.

Желтоқсан айында №65 ЖББОМ Жаппай оқыту қоры арқылы ерекше санаттағы 20 оқушыға қыстық куртка мен қыстық етік және бас киім алынды. Олар:

№	Аты-жөні	Сыныбы	Санаты	Қысқы бас киім	Қысқы күрте, өлшемі	Қысқы аяқ-киім, өлшемі
1	Қуандық Ерасыл	9 «а»	Көп балалы отбасы	48	48	40
2	Бисембаев Ислам	2 «а»	Көп балалы отбасы	36	36	34
3	Бүркіталы Нұррахман	2 «а»	Көп балалы отбасы	36	36	34
4	Қожағали Азамат	3 «ә»	Аз қамтылған отбасы	38	38	33
5	Орда Ілияс	1 «ә»	Аз қамтылған отбасы	36	36	35
6	Кулмурзаев	3 «а»	Аз қамтылған	36	36	33

	Ернар		отбасы			
7	Сайлаубай Айтуған	6 «ә»	Көп балалы отбасы отбасы	46	46	34
8	Бақбергенұлы Нұртілек	6 «ә»	Аз қамтылғанотбасы	150	150	36
9	Наурызбай Бағдат	6 «а»	Аз қамтылған отбасы	46	46	36
10	Мухамедкарим Абдурахим	4 «ә»	Көп балалы отбасы	36	36	34
11	Мухаммедова Малика	5	Көп балалы отбасы	44	44	37
12	Еламанова Аделла	9 «а»	Аз қамтылған отбасы	46	46	40
13	Қасымқан Раяна	2 «ә»	Көп балалы отбасы	34	34	34
14	Кенжегали Аружан	3 «а»	Аз қамтылған отбасы	36	36	34
15	Құрман Назым	4 «а»	Көп балалы отбасы	36	36	34
16	Атантаева Жанерке	5	Аз қамтылған отбасы	44	44	36
17	Сапарбай Кәусәр	7 «а»	Көп балалы отбасы	44	44	36
18	Еламан Нұрсезім	4 «б»	Аз қамтылған отбасы	42	42	36
19	Батырбекова Ардақ	11	Аз қамтылған отбасы	44	44	37
20	Жаңабаева Жаңылай	7 «ә»	Аз қамтылған отбасы	40	40	38

2021 жылдың 12-ші қарашасында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Бақытты бала» тақырыбында концерт ұйымдастырылды. Шараға ерекше санаттағы 2-4 сынып оқушылары қатысты. Баланы ынталандыру мақсатында өнерлерін көрсеткен балаларға ұйымдастырушар тарапынан сыйлықтар берілді.

«Жаңа жыл -2022» мерекесі қарсаңында мектебіміздің жекеленген санаттағы оқушыларды қуанту мақсатында, «Ләззат» азық-түлік дүкені, «Свой Магазин» азық-түлік дүкені, №65 ЖББО мектебінің асхана меңгерушісі ЖК Сейітова, Ақтөбе қаласы Алматы ауданының әкімдігі, Алихан ОИЛ 3-ЖШС басшысы Қожаев, Қ-н Халық Банк «АҚ Ақтөбе филиалы өкілдері және мектебіміздің жас мамандары 1-11 класс аралығындағы оқушылардың барлығына дерлік жаңа жылдық сыйлықтарын ұсынды.

Қайырымдылық жасау үшін асқан дәулет емес, жүректегі мейірім мен адал ниеттің болуы жеткілікті. Мұқтаж жандарға қол ұшын беру –үлкен сауап, жұртшылықты ризашылыққа бөлейтін өте жақсы іс. Бұл туралы ата-бабаларымыз «Жанашырлыққа жан риза», «Садақа- береке кілті» деп, қамқорлық көрсетуді парыз санап, игі іске шақырған.Қайырымды жандарды «алтын жүректі адамға» теңейтіні де содан болар. Аталған акцияға қатысып, адамгершілікті биік ұстап, кісілікті ту етіп, жылы лебізін аямай, қолдан келген жәрдемін ұсынған қамқор демеушіміз (аты атамауын өтінді) қаржылай көмек қолын созды. Сол қаражатқа мектебіміздің ерекше санаттағы оқушыларының біріне қысқы күртеше алынды.

«Жанашырлыққа жан риза» дегендей, студенттердің жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске ат салысу – әрбір адамның азаматтық парызы. Адам өміріндегі ең игі істердің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Адамдар бір-біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды деген мақсатта №65 жалпы білім беретін орта мектебінде 18 наурыз күні 1-10 сыныптар арасында «Жылы жүрек – жомарт қол» тәтті тағамдар жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңкеге оқушылар аса

қызығушылықпен белсенділік танытты. Бұл жәрмеңкеден қайырымдылық қорына жиналған қаражат аз қамтылған және толық емес отбасынан шыққан оқушыларына және науқас балалардың еміне материалдық көмек ретінде берілді. Атап айтар болсақ: №65 жалпы білім беретін орта мектебіндегі аз қамтылған отбасындағы, мүмкіндігі шектеулі (инклюзив), 1 «Ә» сынып оқушы Орда Ілиястың отбасына азық-түлікпен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар «Астана» және «Дина» сауда орталығында орналасқан науқас балалардың еміне арналған көмек жәшікке салынды. Осындай қайырымды іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады. «Жылы жүрек-жомарт қол» акциясында 1-10 сынып аралығында қайырымдылық жәрмеңкесі өтті.

2021-2022 оқу жылын қорытындылай келе тамыз айынан бастап жеңілдетілген отбасы санатынан 73 баланың құжаты қабылданды. Жоғарыда аталған оқушылар жекелеген санаттағы оқушыларды тегін және ыстықтамақпен қамту тізіміне алынды. Оқу барысында оқушылардың басқа жаққа қоныс аударуына байланысты 69 оқушымен аяқталды

Мектептің тәрбие жұмысының жылдық жұмысын қорытындылай келе төмендегідей кемшіліктер анықталды: Еліміздегі карантиндік жағдайға байланысты, мектепте концерттік бағдарламалар өткізілмеді, кейбір жоспарланған іс-шаралар кейінге қалдырылды. Онлайн форматта өткізілген шараларды ұйымдастыру барысында қиындықтар байқалды.

Келер оқу жылында тәрбие саласынындағы жұмыстарды жетілдіру, өзекті мәселені шешу үшін төмендегідей ұсыныс айтамын: Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы жұмысын жандандыру, Класс жетекшілердің ата-аналармен байланысын бағытындағы жұмыстарды жандандыру.

ШЕШІМ: Үйірме жұмыстарының жұмыстары қанағаттанарлық деңгейде екені ескерілсін. Мектептегі дене тәрбиесі және салауатты өмір салты бойынша жүргізілген тәрбие жұмыстары дұрыс жолға қойылған.

Ұсыныс: Қысқы спорт түрлерімен жұмыс жолға қойылсын.

Ұ С Ы Н Ы С:

- Үйірме жұмыстары алдағы оқу жылында жүйелі қолға алынсын.
- Мектеп оқушылары мектептен тыс, мектепшілік үйірмелерге көптеп қатыстырылсын.
- Оқушылардың таным белсенділігін арттыру мақсатында оқушыларға хореография ашу қолға алынсын.
- шығармашылық академия әкімшілігімен келісе отырып, мектепте шығармашылық академияның студияларын ашу

МЕКТЕПТІҢ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЗЕРТТЕУ БАРЫСЫ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАР

2021-2022 оқу жылында тамыз айынан бастап жеңілдетілген отбасы санатынан 73 баланың құжаты қабылданды. 2021 жылдың қыркүйек айынан бастап 1-11 сынып аралығында жеңілдетілген санаттағы оқушылардың тізім жасалып мектеп директоры М.С.Жантурина

қадағалауымен бекітілді. Оқушылардың күнделікті тамақ ішуін әлеуметтік педагог бақылауында болды. Әр айда ыстық тамақ ішетін оқушылардың есебін есепшіге тапсырылып отырды.

Әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық акциясы биыл «Балаларға бірге көмек берейік!» атты айдармен өткізілді. Акция еліміздің барлық өңірлерінде ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында өтті.

Акцияның мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету; баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу; жетім балаларға, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болып табылады.

Республикалық «Мектепке жол қайырымдылық акциясы» аясында, мектебіміздің ерекше санаттағы 6 оқушыға Қазақстан Халық Банкі» АҚ Ақтөбе филиалы демеушілігімен спорт киімдері мен спорттық аяқ-киімдер табысталды. Олар:

№	Аты-жөні	класы	статусы
1	Қожағали Нұрайым	1	Аз қамтылған
2	Кенжеғали Нұрғали	1	Аз қамтылған
3	Мухаммедов Жанарбек	1	Аз қамтылған
4	Сапарбай Исмаил	1	Аз қамтылған
5	Салимгореева Жанерке	1	Аз қамтылған
6	Салимгореева Назерке	1	Аз қамтылған

Сонымен қатар, акция барысында ерекше санаттағы Тимуров Саятқа деген оқушыға қамқор демеушілер тарапынан 20 тамыз күні «Меринос» сауда үйінен күзгі күртеше сатып алынды.



11.10-22.10 аралығында өткізілген «Дұрыс және тиімді тамақтану» онкүндігі аясында өткізілетін іс-шаралар жоспары

№	Мазмұны	Сынып	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	Дұрыс тамақтану-деңсаулық кепілі	1-11 сынып	Акцияның ашылуы	11.10.2021	ДТЖО Тәлімгер Класс жетекшілер Әлеуметтік педагог Медбике
2	«Тамақтану оқушылар көзімен»	5-11 сынып	Сауалнама	12.10.2021	Мектеп психологы Күсебай Қ
3	«Тиімді тамақтану. Дәрумендердің пайдасы»	1-11 сынып	Дәріс	13.10.2021	Биология пәнінің мұғалімі Мусаева А
4	«Дұрыс тамақтану ережелері»	1-4 сынып	Әңгіме, ақпарат	14.10.2021	Медбике Базарбаева Н.О.

5	«Тамақтану гигиенасы»	5-11 сынып	диктант	15.10.2021	Медбике Базарбаева Н.О.
6	«Мен салауатты өмір салтын сақтаймын» Жылдам дайындалатын тағамдардың зияны	1-4 сынып	Бейнеролик Ой-талқы	18.10.2021	Әлеуметтік педагог Умар А.Р.
7	«Мектептегі су ішу тәртібі»	1-4 сынып	Сынып сағаттары	19.10.2021	Класс жетекшілер
8	«Ас адамның арқауы»	5-11 сыныптар	Сынып сағаттары	20.10.2021	Класс жетекшілер
9	«Фастфуд» дегеніміз не? Оның пайдасы мен зияны туралы»	5-11 сынып	Дебат	21.10.2021	Дебат клубының жетекшісі Қазманов Н.
10	«Дұрыс және тиімді тамақтану» акциясының жабылуы	1-11 сынып	Акцияның ашылуы	22.10.2021	ДТЖО Тәлімгер Класс жетекшілер Әлеуметтік педагог Медбике

Желтоқсан айында №65 ЖББОМ Жаппай оқыту қоры арқылы ерекше санаттағы 20 оқушыға қыстық куртка мен қыстық етік және бас киім алынды. Олар:

№	Аты-жөні	Сыныбы	Санаты	Қысқы бас киім	Қысқы күрте, өлшемі	Қысқы аяқ-киім, өлшемі
1	Қуандық Ерасыл	9 «а»	Көп балалы отбасы	48	48	40
2	Бисембаев Ислам	2 «а»	Көп балалы отбасы	36	36	34
3	Бүркіталы Нұррахман	2 «а»	Көп балалы отбасы	36	36	34
4	Қожағали Азамат	3 «ә»	Аз қамтылған отбасы	38	38	33
5	Орда Ілияс	1 «ә»	Аз қамтылған отбасы	36	36	35
6	Кулмурзаев Ернар	3 «а»	Аз қамтылған отбасы	36	36	33
7	Сайлаубай Айтуған	6 «ә»	Көп балалы отбасы отбасы	46	46	34
8	Бақбергенұлы Нұртілек	6 «ә»	Аз қамтылған отбасы	150	150	36
9	Наурызбай Бағдат	6 «а»	Аз қамтылған отбасы	46	46	36
10	Мухамедкарим Абдурахим	4 «ә»	Көп балалы отбасы	36	36	34
11	Мухаммедова Малика	5	Көп балалы отбасы	44	44	37
12	Еламанова Аделла	9 «а»	Аз қамтылған отбасы	46	46	40
13	Қасымқан Раяна	2 «ә»	Көп балалы отбасы	34	34	34
14	Кенжеғали Аружан	3 «а»	Аз қамтылған отбасы	36	36	34
15	Құрман Назым	4 «а»	Көп балалы отбасы	36	36	34
16	Атантаева Жанерке	5	Аз қамтылған отбасы	44	44	36
17	Сапарбай Кәусәр	7 «а»	Көп балалы отбасы	44	44	36
18	Еламан Нұрсезім	4 «б»	Аз қамтылған отбасы	42	42	36
19	Батырбекова Ардақ	11	Аз қамтылған отбасы	44	44	37
20	Жаңабаева Жаңылай	7 «ә»	Аз қамтылған отбасы	40	40	38

«Бақытты бала» қайырымдылық акциясы

2021 жылдың 12-ші қарашасында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Бақытты бала» тақырыбында концерт ұйымдастырылды. Шараға ерекше санаттағы 2-4 сынып оқушылары қатысты. Баланы ынталандыру мақсатында өнерлерін көрсеткен балаларға ұйымдастырушар тарапынан сыйлықтар берілді.



«Жаңа жыл -2022»

«Жаңа жыл -2022» мерекесі қарсаңында мектебіміздің жекеленген санаттағы оқушыларды қуанту мақсатында, «Ләззат» азық-түлік дүкені, «Свой Магазин» азық-түлік дүкені, №65 ЖББО мектебінің асхана меңгерушісі ЖК Сейітова, Ақтөбе қаласы Алматы ауданының әкімдігі, Алихан ОИЛ 3-ЖШС басшысы Қожаев, Қ-н Халық Банк «АҚ Ақтөбе филиалы өкілдері және мектебіміздің жас мамандары 1-11 класс аралығындағы оқушылардың барлығына дерлік жаңа жылдық сыйлықтарын ұсынды.

2022 жылғы 1-11 ақпан аралығында «Өзін-өзі тану : Сүйіспеншілік пен Шығармашылық педагогикасы» онкүндігі аясында өткен «Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық акциясы.

Қайырымдылық жасау үшін асқан дәулет емес, жүректегі мейірім мен адал ниеттің болуы жеткілікті. Мұқтаж жандарға қол ұшын беру –үлкен сауап, жұртшылықты ризашылыққа бөлейтін өте жақсы іс. Бұл туралы ата-бабаларымыз «Жанашырлыққа жан риза», «Садақа- береке кілті» деп, қамқорлық көрсетуді парыз санап, игі іске шақырған. Қайырымды жандарды «алтын жүректі адамға» теңейтіні де содан болар. Аталған акцияға қатысып, адамгершілікті биік ұстап, кісілікті ту етіп, жылы лебізін аямай, қолдан келген жәрдемін ұсынған қамқор демеушіміз (аты атамауын өтінді) қаржылай көмек қолын созды. Сол қаражатқа мектебіміздің ерекше санаттағы оқушыларының біріне қысқы күртеше алынды. Ата-анасы үлкен ризашылығын білдіріп, алғыстарын айтты. **Сапарбай Исмаил 1 «а» сынып оқушысы**




2021-2022 оқу жылында наурыз айында өткізілген

«Жылы жүрек – жомарт қол» акциясы аясында 1-10 сынып аралығында өткізілген қайырымдылық жәрмеңкесі туралы анықтама

Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің» деген екен дана халқымыз. Қайырымдылық – халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. «Жанашырлыққа жан риза» дегендей, студенттердің жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске ат салысу – әрбір адамның азаматтық парызы. Адам өміріндегі ең игі істердің

бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Адамдар бір-біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды деген мақсатта №65 жалпы білім беретін орта мектебінде 18 наурыз күні 1-10 сыныптар арасында «Жылы жүрек – жомарт қол» тәтті тағамдар жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңкеге оқушылар аса қызығушылықпен белсенділік танытты. Бұл жәрмеңкеден қайырымдылық қорына жиналған қаражат аз қамтылған және толық емес отбасынан шыққан оқушыларына және науқас балалардың еміне материалдық көмек ретінде берілді. Атап айтар болсақ: №65 жалпы білім беретін орта мектебіндегі аз қамтылған отбасындағы, мүмкіндігі шектеулі (инклюзив), 1 «Ә» сынып оқушы Орда Ілиястың отбасына азық-түлікпен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар «Астана» және «Дина» сауда орталығында орналасқан науқас балалардың еміне арналған көмек жәшікке салынды. Осындай қайырымды іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады.



«Жылы жүрек – жомарт қол» акциясы аясында 1-10 сынып аралығында



өткізілген қайырымдылық жәрмеңкесі
«Жанымды жақсылыққа толы» сайыс сабақ

«Барлық әлем мен үшін» психология апталығының аясында 6 сыныптар аралығында сайыс сабақ өткізілді. Оқушылар екі топқа бөлініп, сабақ сайыс түрінде өтті. Балалар өте белсенді қатысты. Сабақ барысында «Нысана», «лабиринт» және «пирамида» әдістері қолданылды.



2021-2022 оқу жылын қорытындылай келе тамыз айынан бастап жеңілдетілген отбасы санатынан 73 баланың құжаты қабылданды.

Жоғарыда аталған оқушылар жекелеген санаттағы оқушыларды тегін және ыстықтамақпен қамту тізіміне алынды. Оқу барысында оқушылардың басқа жаққа қоныс аударуына байланысты 69 оқушымен аяқталды.

ХІІ. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

2021-2022 оқу жылына №65 жалпы білім беретін орта мектебінің психологиялық қызметтің жылдық жұмыс жоспары құрылып, төмендегідей мазмұнда жұмыстар атқарылды. Қазіргі таңда мектебімізде 371 оқушы білім алуда, 19 класс комплект бар. Жоспарға сәйкес жүргізілген ұйымдастыру-әдістемелік бағыттағы жұмыстар:

Жыл басында 2021-2022 оқу жылына жоспар құрылып, бекітілді. Қыркүйек айында класс тізімдерін жинақтау, ата-аналардан психологиялық қызметтің жүргізілуіне келісім парағын жинақталды, Жаңадан келген оқушылармен танысу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, кәсіби біліктілікті жетілдіру мақсатында курстарға, семинарларға, конференцияларға қатысып отырдым. Атап айтар болсақ, «Педагог-психолог қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктері»-72 сағат, «Педагог-психолог қызметінің жылдық жұмыс жоспары»-72 сағат, «Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту», «Білім беру жүйесіндегі педагогтердің медиативтік құзіреттілігін қалыптастыру»-40 сағаттық курстар. Сонымен бірге, «Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда сынып жетекшісінің ролі» тақырыбындағы қалалық семинарға қатысып, 6 «а» сынып жетекшісімен бірлесіп «Балаларды тәрбиелеуде мектеп пен ата-ананың ынтымақтастығы» тақырыбында баяндама жасадық. «Халықаралық шығармашылық пен ғылымның дамуын қолдау қоры» қоғамдық қоры ұйымдастыруымен өткізілген халықаралық конференцияда «Оқушылардың ойын іс-әрекетін ұйымдастыру – тәрбиенің негізгі құралы» тақырыбында баяндама ұсынылды. «Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында белсенді оқыту әдістері» тақырыбындағы қалалық семинарда мұғалімдерге «Менің шуақты әлемім» тренинг өткізілді. Жоспарға сәйкес оқушыларға сауалнама жүргізілді. Сауалнама қорытындысының ұсыныстары сынып жетекшілерге таныстырылып отырылды. Сауалнама қорытындысы бойынша психологқа бағыттаған оқушылармен жеке сөйлесіп кеңес берілді. Күрделі мәселелерді шешуде, мектепте психологиялық қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қызметі туралы» үлгілік ережеге сәйкес 2021-2022 оқу жылында «мобильдік топ» құрылды.

Диагностикалық бағыттағы жұмыстар: 1 класс оқушылары үшін, оқушыларды мектеп бағдарламасына бейімдеу мақсатында «Керн Йирасик» әдістемесі жүргізілді. Бұл әдістемеге 1 «А», 1 «Ә» оқушылары қатыстырылды. Жалпы оқушы саны -49. «Жоғары», «Орташа жоғары», «Орташа», «Төмен» көрсеткіштермен белгіленді.

№	Класс	Оқушы саны	жоғары	Орташа жоғары	Орташа	Төмен
1	1	49	9	7	33	0

Сонымен қатар, 1 класс оқушыларының қарым-қатынасын, әлеуметтік ортаға бейімделу жағдайын анықтау мақсатында «Менің класым» әдістемесі жүргізілді. Әдістемеге жалпы саны-49 оқушы қатыстырылды. Әдістеме қорытындысы бойынша қолайлы әлеуметтік –психологиялық позициядағы оқушылар-49. Мектепке оқуға бейімделу кезеңінде бейімделу процесі төменгі деңгейді көрсеткен оқушы жоқ. 5 класс оқушыларынан мектепке деген мотивациясын, сыныптастарымен, ата-аналарымен қарым қатынасын және сабаққа деген қызығушылық деңгейін анықтау мақсатында Н.Лусканованың «Мектептегі мотивация деңгейін анықтау» сауалнамасы және «Менің сыныбым» әдістемесі жүргізілді.

№	Класс	Оқушы саны	Қалыпты, Бейімделуі жақсы	Бейімделуі орташа	Төмен
1	5	27	26	1	0

5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі кезінде мынадай ұсыныс берілді.

Пән мұғалімдері жоғарыда аталған оқушыларды ескере отырып, балада орта буынның бірінші айларында бейімделу мәселесі болатындығына байланысты, оның іс әрекеттерімен өзін ұстауына түсіністікпен қарау. 10 класс оқушыларынан мектепке деген мотивациясын, сыныптастарымен, ата-аналарымен қарым-қатынасын және сабаққа деген қызығушылық деңгейін анықтау мақсатында Н.Лусканованың «Мектептегі мотивация деңгейін анықтау» сауалнамасы жүргізілді.

№	Класс	Оқушы саны	Қалыпты, Бейімделуі жоғары	Бейімделуі орташа	Төмен
1	10	11	11	0	0

Оқушылардың өз құқығын қорғаудағы проблемаларын шеше білу және осы мәселе бойынша балалардың көзқарасын білу мақсатында оқушылардан «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» сауалнамасы алынды. Сауалнамаға 6-7-8 сынып оқушылары қатыстырылды. Сауалнаманы жалпы-83 оқушы тапсырды. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың зорлық-зомбылық туралы жалпы түсінігі бар. Оқушылардың өз құқығын қорғаудағы мәселелерді шеше біледі.

8-11 класс оқушыларынан ДАСС сауалнамасы алынды. Мақсаты: Оқушылардағы стресс, депрессия, мазасыздық деңгейлерін анықтау. Сауалнамаға жалпы 87 оқушы қатысты. Қорытынды бойынша суицидке бейім оқушы анықталмады. Мазасыздықтың жеңіл, орташа түрінде байқалған оқушылармен жеке сөйлесіп, кеңес берілді.

Оқушылардың мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында Зунг шкаласы (Т.И.Балашова бойынша) сауалнама алынды. Сауалнама 6-7-8-9 сыныптар арасында өткізілді. Қорытындысы бойынша өз деңгейіне сай қалыпты деңгейді көрсетті. 10-11 сынып оқушыларынан Спилберг әдістемесі жүргізілді. Сауалнама қорытындысы бойынша мазасыздық деңгейі орташа түрінде оқушылармен жеке әңгіме жүргізілді.

Мектептегі жаңадан келген мұғалімдердің жаңа ортаға бейімделуін анықтау мақсатында «Мектептегі психологиялық ахуал» тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнамаға 10 жаңа педагог қатысты. Сауалнама нәтижесінде мұғалімдердің ұжымға бейімделуі қалыпты деңгейді көрсетті.

Класс жетекшілерден мұғалімдердің сыныпқа деген көзқарасын анықтау мақсатында сауалнама алынды. Сауалнамаға -19 класс жетекші қатысты.

8 класс оқушыларына мектептегі жеткіншек және жасөспірімнің ақыл-ой деңгейін диагностикалау мақсатында «Интеллектіні зерттеудегі ШТУР әдістемесі жүргізілді. Әдістеме қорытындысы оқушылар тапсырмаға өз деңгейлерінде жауап берген.

6-7 сынып оқушыларының мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында «Мазасыздықты диагностикалаудың жедел әдісі» (Филипса тестінің модификациясы) сауалнамасы өткізілді. Сауалнама қорытындысы бойынша мазасыздық деңгейі жоғары көрсеткіш көрсеткен оқушы анықталмады.

Оқушылардың темперамент типін анықтау мақсатында Темпераментті анықтау (Б.С.Волков, Н.В.Волков) әдістемесі жүргізілді. Сауалнамаға 23 оқушы қатысты. Қорытындысы бойынша холерик типті-4, сангвеник типті-7, флегматик типті -11, меланхолик типті-1 оқушы анықталды.

Тұлғаның әлеуметтік бағыттылығын анықтау. Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында 9 класс Дж.Голланд сауалнама алынды. Қорытындысы бойынша 9 «а» сынып оқушылары бойынша интеллектуалдық тип-3 оқушы, әлеуметтік тип-8 оқушы, конвенциялық тип-1 оқушы, тапқыр тип-2 оқушы, әртістік тип-4 оқушы анықталды. 9 «ә» сынып оқушылары бойынша реалистік тип-1 оқушы,интеллектуалдық тип-2 оқушы, әлеуметтік тип-6 оқушы, тапқыр тип-1 оқушы, әртістік тип-1 оқушы анықталды.

11 сынып оқушыларымен «Мамандықтар әлемі» сауалнамасы жүргізілді. Сауалнама қорытындысы бойынша «есеп және аудит» мамандығы-3 оқушы, «менеджмент» мамандығы-2 оқушы,«қаржы» мамандығы-1 оқушы,«туризм» мамандығы-3 оқушы,«құқықтану» мамандығы-3 оқушы,«маркетинг» мамандығы-1 оқушы таңдаған.

10клаасс оқушыларына мектептегі жеткіншек және жасөспірімнің ақыл-ой деңгейін диагностикалау мақсатында «Интеллектіні зерттеудегі ШТУР әдістемесі жүргізілді. Әдістеме қорытындысы оқушылар тапсырмаға өз деңгейлерінде жауап берген.

Оқушылардың алаңдаушылық, мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында 8-9 сынып оқушыларына Спилберг әдістемесі өткізілді. Қорытындысы бойынша орташа деңгейді көрсеткен оқушылармен жеке сөйлесіп, кеңес берілді.

4 сынып оқушыларының 5 сыныпқа көшудегі орта буынға дайындығын анықтау мақсатында психологиялық зерттеу жұмысы жүргізілді. Психологиялық зерттеу кезінде оқушылардың топпен қарым-қатынасын анықтауға мақсатында «Соцеометрия» әдістемесі, өзін-өзі бағалауға арналған «Баспалдақ»әдістемесі өткізілді, сонымен қатар танымдық процестерін зерттеу мақсатында арнайы тапсырмалар алынды.Оқушылардың өзін-өзі бағалау арналған «Баспалдақ» әдістемесінің нәтижесі бойынша 4 «А» класы бойынша өзін-өзі жоғары деңгейдегі оқушылар саны-9-43%,орташа деңгейдегі саны-12-57%.4 «Ә» класс оқушылары бойынша өзін-өзі жоғары деңгейдегі оқушылар саны-11-61%,орташа деңгейдегі саны-7-39%.4 «б» класс оқушылары бойынша өзін-өзі жоғары деңгейдегі оқушылар саны-8-47%,орташа деңгейдегі саны-9-53%.Оқушылардың топпен қарым-қатынасын анықтауға арналған «Соцеометрия» әдістемесі нәтижесінде 4 «А» сынып оқушыларының ішінде ұнамдылар саны-9, топқа қабылданған оқушылар саны-12 оқушы болды.4 «Ә» сынып оқушыларының ішінде ұнамдылар саны-12, топқа қабылданған оқушылар саны-5, оқшауланған -1 оқушы.4 «Б» сынып оқушыларының ішінделидерге бейім-1, ұнамдылар саны-4, топқа қабылданған оқушылар саны-12.Таным деңгейлерінен- зейін, қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиял процестері зерттелді. 4 «А» классы оқушыларынан алынған таным процестерінің нәтижелеріне тоқталатын болсақ:Зейін процесі дамуы жоғары деңгейді көрсеткен оқушы саны-8-38%, орташа деңгейдегі-11-52%, төменгі деңгейлі-2-10%.Қабылдау процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны- 14-67%,

орташа деңгейдегі- 4-19%, төменгі деңгейлі-3-14%.Ойлау процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны-12-57%, орташа деңгейдегі- 6-29%, төменгі деңгейлі-3-14%.Есте сақтау процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны- 10-47%, орташа деңгейдегі- 9-43%, төменгі деңгейлі-2-10%.Қиял процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны- 14-67%, орташа деңгейдегі- 7-33%. 4 «Ә» класы оқушыларынан алынған таным процестерінің нәтижелеріне тоқталатын болсақ:Зейін процесі дамуы жоғары деңгейді көрсеткен оқушы саны-9-50%, орташа деңгейдегі-8-44%, төменгі деңгейлі-1-6%.Қабылдау процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны- 11-61%, орташа деңгейдегі- 5-28%, төменгі деңгейлі-2-11%.Ойлау процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны-10-56%, орташа деңгейдегі- 8-44%.Есте сақтау процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны- 8-44%, орташа деңгейдегі- 7-39%, төменгі деңгейлі-3-17%.Қиял процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны- 11-61%, орташа деңгейдегі- 7-39%.4 «Б» классы оқушыларынан алынған таным процестерінің нәтижелеріне тоқталатын болсақ:

Зейін процесі дамуы жоғары деңгейді көрсеткен оқушы саны-10-59%, орташа деңгейдегі-6-35%, төменгі деңгейлі-1-6%.Қабылдау процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны- 9-53%, орташа деңгейдегі- 6-35%, төменгі деңгейлі-2-12%.Ойлау процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны-8-47%, орташа деңгейдегі- 7-41%. төменгі деңгейлі-2-12%.Есте сақтау процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны- 7-41%, орташа деңгейдегі- 7-41%, төменгі деңгейлі-3-18%.Қиял процесі бойынша жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны- 11-65%, орташа деңгейдегі-6-35%.

Оқушылардың өз ойын жеткізе алу дәрежесінің кендігін, заттардың сыр-сипатын қарай ажырата алу деңгейін, зейінін, үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажырата білуін және оларды санай алу мүмкіндігін және түр-сипатына қарай дұрыс бөле алу қабілетін, баланың қиялдау және ойлау, есте сақтау қабілеттерін анықтау мақсатында «Мектепке даярлық сыныбына арналған» тапсырмалар алынды.

Тапсырма алу барысында сыныпта сұрақтарға толыққанды, нақты жауап берген оқушылар басым болды. Оқушылардың есте сақтау, ойлау, қабылдау, заттарды санау, жануарларды ажырату, жазу қабілеті, түстерді және пішіндерді меңгеру қабілеті жақсы дамыған. Атап айтар болсақ:

ӘбдібековаЖаннұр, Ерболатқызы Айжұлдыз, Темірланұлы Кеңес, Мұрат Раяна, Жалғасбай Жанерке, Қайсарұлы Санжар, Мырзабекова Амира, Давлеткалиев Қайырбек және т.б. Мысалы (р-л, ш-с, ж-ш) осы әріптерді анық айта алмайтын, бірақ логикалық тапсырмаларға толық жауап беріп, түстерді, пішіндерді ажырата білетін оқушылар байқалды. Оқушылар берілген тапсырмаларға жақсы жауап берді.

Тапсырмаға жауап беру барысында есте сақтау қабілеті, тіл кемістігі бар және тапсырмаға толық жауап бере алмаған оқушылар да анықталды. Тапсырма барысында жазу жағынан элементтерді жақсы меңгерген, бірақ баланың тұйықтығы басым. Олар: Мұхаммедкәрім Әмина, ҚалықбайИсмайл, Жұбаниязов Нұржан осы оқушылар анықталды.

«Қабілет» жобасы бойынша жыл 4-5-6 класс оқушылары арасындағы 10-11 жастағы оқушылардан дарындылық қабілеттерін анықтау тесттері алынды.Сауалнамаға 89 оқушы қатысып, бірінші этаптан өтті.

Тәртібі қиын және инклюзивті білім беретін оқушылардан «Өзін-өзі бағалау», «Лусканов», «Мен және менің достарым», «Тәрбиелену деңгейін анықтау» Капустин әдістемесі алынды.

Консультативтік бағыттағы жұмыстар:мектепке бейімделу мәселесі бойынша 1 класс оқушыларының ата-аналарына және класс жетекшілерге оқушылардың бейімделуі бойынша кеңес берілді. 5 класс оқушыларының орта буынға өтуде класс жетекшісіне бейімделу процесінің болатыны туралыкеңес берілді. 11 сынып оқушыларына ҰБТ-ге дайындық ретінде «Емтиханға қалай дайындалуға болады? Ол үшін не істеуіміз керек?», «ҰБТ-ге психологиялық дайындық» тақырыбында психологиялық кеңестер берілді.



Кеңес беру жұмыстары: ата-анаға-4, оқушыға-12, мұғалімге-9 кеңес берілді.

Түзету-дамыту бағыты бойынша 5 класс оқушылардың өміріне жаңа қосымша мағыналар, сезімтал түстер, мәдени мағыналар енгізу арқылы қатысушылардың өмір сүру кеңістігін кеңейтуді мақсатында “Із кесуші” ойыны өткізілді.



5,6 класс оқушыларымен, оқушылар арасында бір-бірімізге қуаныш сыйлау, достық қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Алақанға жан бітір» психологиялық ойыны жүргізілді. Тренинг барысында оқушылар өз ойын анық айтып, өзінің ішкі ойын өзгелермен бөлісе білді.



5 класс оқушыларымен «Мен және менің мүмкіндіктерім» психологиялық ойыны жүргізді. Тренинг барысында оқушылар өз бойындағы жағымды және жағымсыз әдеттермен бөлісті.

Қатысушылармен сәлемдесу, топқа энергия беру мақсатында 7 класс оқушыларына «Калейдоскоп» психологиялық ойыны жүргізілді. Ойын барысында оқушылар ойынға қызығушылықпен, белсенділікпен қатысты, өздерінің кішкентай кездеріндегі калейдоскоптары туралы айтып, өздеріне ұнаған түспен бояды. Біріге жұмыс жасай білді. Жақсы көңіл-күймен тарады.



6-7 класс оқушыларымен балалардың ой-өрісін кеңейту, бір-біріне қуаныш сыйлауға, тыңдауға, бірлесе жұмыс жасай білуге, достық қарым-қатынасты нығайту мақсатында “Құпия дос” психологиялық акциясы өткізілді. Психологиялық акция жүргізілу барысында оқушылар позитивті эмоцияларымен бөлісіп, жақсылық, достық, татулық атмосферада жұмыс жасады. Акция асында оқушылар өзінің жанына жақын достарына құпиялықпен әдеміде жарқын көңіл-күй сыйлады.



Оқушылардың ұсақ қол қимылдарын дамыту, оқушылардың жазуға дағдыларын қалыптастыру. Икемділігін арттыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту. Танымдық деңгейін арттыру мақсатында 1-2 сынып оқушыларына «Психомоториканы дамыту жаттығулары» жүргізілді. Жаттығу кезеңінде оқушылар әр жаттығуды қызығушылықпен, еркін орындады, оқушылардың, қол моторикасы, ұсақ моторикаларын дамытуға жаттығулар жақсы жүргізілді. Дамытуға көп мүмкіндіктер берілді.




Қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамыту мақсатында 3-4 класс оқушыларына Т.В.Артемыевның «Қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар» өткізілді. Тренинг кезінде оқушылар белсенді қатысты. Зейінін көп аудару қиынға соққан оқушыларға көмек беріле отырып, жаттығуларды қайталанып жасалды.



Оқу процесіндегі маңызды емтихан кезіндегі күйзелістік ахуалдың алдын алу және психологиялық дайындығын нығайту мақсатында 9 класс оқушыларына «Емтихан» іскерлік ойыны жүргізілді. Іскерлік ойын барысында оқушылар өздерін емтиханда отырғандай сезінді, ситуациялардан шыға білді, берілген сұрақтарға шынайы жауап беріліп, белсене, қызығушылықпен қатысты.



Сонымен қатар 11 сынып оқушыларына да «Емтихан» іскерлік ойыны өткізілді. Оқушылар «Емтихан» психологиялық ойынында берілген сұрақтарға оқушылар жеке жауап беріп, өз ойларымен бөлісті. Логикалық сұрақтарға жауап беру барысында әртүрлі пікірлер айтып, ерекше жауаптар берілді. Сұрақтардың шешімін табу барысында емтиханда сезінетін мазасызданудың орнын позитивті көңіл-күйді болғандықтарын айтып, кері байланыс орнатты.



Дарынды оқушыларды олимпиада алдында психологиялық қолдау мақсатында «Сенімділік менің-серігім» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Тренингте барысында оқушылар бір-біріне сәттілік тілеп, өз ойларын ортаға салды.



Балалардың назарын аудару, бөлу және көлемін, зейінін, жадын дамыту мақсатында Т.В.Артемьеваның “Жасырынып тұрған сөздерді тап”, “Аспан-жер-су”, “Барлығын еске түсіру” жаттығулары жүргізілді. Жаттығуға 1-2 сынып оқушылары қатысты. Жаттығуға оқушылар белсенді қатысты. Зейінін көп аудару қиынға соққан оқушыларға көмек беріле отырып, жаттығуларды қайталанып жасалды.



Балаларды сөйлемнің бірыңғай мүшелерін құрастыруын үйретуді жалғастыру мақсатында 4 сынып оқушыларына «Сөйлемдерді құрастыру», «Сәйкестендіру» ойындары жүргізілді. Оқушылар жаттығуға белсенді қатысты. Тапсырмаларды орындауда қызығушылық білдірді. Балалар заттар мен құбылыстар арасындағы таныс қолжетімді байланысты көрсететін қарапайым жалпылауды меңгере бастайды.



1-4 класс оқушыларына эмоционалды жағдайын бақылауға арналған жаттығулар. (Т.В.Артемьева). «Менің көңіл – күйім неге ұқсайды?», «Айна», «Қағаздан жасалған қар», «Апельсин», «Болашақ чемпиондар» жаттығулары өткізілді. Психологиялық жаттығуға оқушылар белсенділікпен, қызығушылықпен қатыса білді.



Оқушылар арасында топтық қарым-қатынасты қалыптастыру, емтиханға психологиялық дайындау мақсатында 9 сынып оқушыларына Teambuilding тренингтері өткізілді. Тренингке оқушылар белсене қатысты. Тренинг барысында өз эмоцияларын, топтық қарым-қатынасын көрсете білді.



Сонымен қатар 2021-2022 оқу жылында «Барлық әлем мен үшін» психологиялық апталық ұйымдастырылды. Апталық барысында «Жаным жақсылыққа толы» сайыс сабақ өткізілді. Сайыс сабаққа 6 класс оқушылары қатыстырылды.



«Сүйіспеншілік барлығының бастауы» тақырыбында отбасылық бейнероликтер жарияланды.



Апталық аясында «Әлемдегі бар бала бақытты» тақырыбында 2 кластар арасында спорттық сайыс ұйымдастырылды. Сайысқа «Қыран» және «Барыс» тобы қатыстырылды.

5 сынып оқушыларымен достық қарым-қатынасты қалыптастыру, досты қадірлей білуге баулу, көмек көрсету және қамқор болуға үйрету мақсатында «Дос болайық бәріміз» психологиялық сабағы өткізілді.



Психологиялық апталығының жоспары аясында "Менің ғажайып әлемім" тақырыбында психологиялық қобдишаға ашықхаттар салу айдары өтті.



Оқушылардың өмір туралы көзқарастарын анықтау және өмірді қалай сүйетіндігін байқау мақсатында "Мен өмірді сүйемін" тақырыбында психологиялық сабақ өткізілді.



11 сынып оқушыларының ҰБТ-ке сенімділігін арттыру мақсатында «Сенімділік-менің серігім» тақырыбында сынып жетекшісі тәрбие сағатын өткізді.


«Барлық әлем мен үшін» психологиялық апталығы аясында жас мамандар мен оқушылар арасында сенімді қарым-қатынас орнату. Біртұтас команда моделін қалыптастыру, ұжымда жағымды әлеуметтік-психологиялық климат құру мақсатында 11 сынып оқушылары және мектебіміздің жас мамандарымен бірлескен топтық «Тимбилдинг» ұйымдастырылды.



Мектеп ұжымында жағымды эмоция тудыру мақсатында педагогтармен «Сәтті сандар» психологиялық тренинг өткізілді.



Сонымен қатар, семинарда педагогтардың ішкі сезімдерін ашық айту, балаларға деген жауапкершілігін арттыру мақсатында «Менің шуақты өмірім» психологиялық тренинг өткізілді.



Сонымен бірге ерекше білім беруді қажет ететін-3 оқушымен- «Шатастырылған суреттерді қабылдауын дамыту», «Геометриялық пішіндерді ажырату», «Ананас терапиясы», «Есте сақта және тап», «Не артық», «10 сөзді жаттау», «Байқағыштық», «Өрнекті жалғастыр», «Қисынсызды тап», «Алма терапиясы», «Не жетіспейді?», «Мозайка», «Логикалық кестелер» сабақтарын жас ерекшеліктеріне сай жүргізілді.

Профилактика бағыттағы жұмыстар: «Қызғалдақ қыздар» клубының қыздарына «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында 9-11 класс қыз балалар арасында дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстелде қыз бала тәрбиесі туралы бейнекөріністер көрсетіліп, жағдаяттар талқыланды. Отырыс қонақтары қыз тәрбиесіне қатысты ойларын ортаға салып, қыздарымызға өз кеңестерін айтты.



Оқушыларға адам құқықтары мен бостандықтары жайлы баптардан түсінік қалыптастыру, құқықтық білімдерін толықтыру. Адамгершілік, ізгі қасиеттер мен ар-ождан бостандығына, адалдық пен мейірімділікке баулу арқылы құқықтық тәрбие беру. Оқушылардың саяси саналығы мен таным белсенділігін арттыру, заңдарды талдай отырып, өз беттерімен салыстыра білуге, өмірде қолдана білуге баулу мақсатында

9 класс оқушыларының арасында «Өз құқығыңды білесің бе?» танымдық сабағы өткізілді. Сабақ барысында топтар өздеріне тапсырылған тапсырманы қызығушылықпен, ұжымдасқан түрде

бірлесіп жауап берді. Оқушы өз міндеттері, құқықтары, жауапкершіліктері тақырыптары туралы өз ойларын ортаға салды.



Қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулық т. б. жан – жақты ұлттық қасиеттерін таныта білу, қазақ халқының ұлттық өнерін, салт – дәстүрін дәріптеуге үйрету, оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілетін, эстетикалық талғамын, шеберлігін дамыту, көпшілік алдында өзін – өзі ұстай білуге, мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында мектебіміздің 7-10 класс қыз балаларының арасында «Әсемдік әркімге жарасады» тақырыбында сайыс өткізілді. Шарада қыздарымыз қазақтың ұлттық нақыштағы киім үлгілерін көрсетіп, белсенді қатысты.



Оқушыларға эмоционалдық интеллекттің не екенін түсіндіру, оқушы адами мінез-құлықты ажырата білуге үйрету, эмоциясын қалыптастыру мақсатында 7 класс оқушыларына «Эмоционалдық интеллект» тақырыбында баяндама оқылды. Баяндама оқу барысында оқушыларға эмоционалдық интеллект туралы түсіндірілді. Эмоция, интеллект сөздеріне тоқталып өтілді. Болашақтарына түзу мақсат қою оның өзінде эмоция екені түсіндірілді. Ата-аналарға қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің алдын алу, ата-аналарды ақпараттандыру мақсатында «Әлеуметтік желінің бала өміріне қауіп-қатері» тақырыбында әлеуметтік желіге ақпараттық мәлімет жарияланды.



Зорлық-зомбылықты болдырмау, оқушылар арасында жағымды қарым-қатынасты орнату, қатыгездік, зорлық-зомбылық туралы білімдерін молайту мақсатында 9-10 сынып оқушыларының арасында эссе жазылды. Эссені әр оқушы өз деңгейлерінде жазып шықты. Туындаған сұрақтарды ортаға салып, өз ойларын ашып көрсете білген.


Оқушының іскерлігін, логикалық ойлауын, шығармашылығын дамыту, әрбір мамандыққа жауапкершілікпен қарауға үйрету мақсатында 6 класс оқушыларына «Ұйқыдағы қала» психологиялық ойыны жүргізілді. Оқушыларға жұмыс барысында “Сәлемдесу” жүректен жүрекке тапсырмасымен бір-бірілеріне тілек айтылды. Оқушылар өздеріне берілген тапсырманы қызығушылықпен, жауапкершілікпен атқарды.





“Өзін-өзі тану: Сүйіспеншілік пен Шығармашылық педагогикасы” онкүндігінің аясында, "Сенде бір кірпіш дүниеге" тақырыбындағы 9-11 сынып оқушылары ZOOM платформасы арқылы онлайн форматта балалар үйінің бұрынғы шәкірттері, қазіргі таңда "Мейірім" бейімделу орталығы жанындағы "ПО ГЛОБАЛ-СПЕЦОДЕЖДА" ЖШС-інің қызметкерлері Айнабекова Жұмагүл және Иманғалиева Гульнармен кездесу ұйымдастырылып өтті.



«Қызғалдақ қыздар» ұйымының жоспарына сәйкес 7-11 сынып қыздарымызбен бірге мектеп тәлімгері және мектеп психологымен бірге «Қыздар сұлу көрінер қылығымен» тақырыбында маманмен кездесу ұйымдастырылды. Кездесуде барысында «Қыз бала қандай болуы керек» тақырыбында бейнеүзінді көрсетілді. Мектеп медбикесі Базарбаева Нагима Онгарбаевна қыз балаларымызға «Қыздар гигиенасы» тақырыбында мағұлмат берді. Соның ішінде жеке гигиенаға тоқталып кетті. «Тазалық – денсаулық кепілі» екендігін басты назарда ұстану керектігі жеткізілді. Кездесу барысында қыздарымыздың өз – өздерін бағалау деңгейлерін арттыру мақсатында «Есесіне мен...» жаттығуы жүргізілді. Кездесу соңында қыздарымызға «Қыз бала-ұлттың ұяты, халықтың шырайы» тақырыбында қыздарға кеңес деп аталатын жадынама таратылды.



Жасөспірімдер арасында зиянды заттардың алдын алу, зияны туралы түсіндіру мақсатында «Ұрпақ саулығы-ұлт саулығы» тақырыбында онлайн форматта ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыста «Электронды темекінің адам ағзасына зияны» тақырыбында баяндама жасалды.



15- мамыр-Халықаралық отбасы күніне орай 6-7 класс қыз балаларымен бірге «Отбасы, неке, отбасындағы қыз баланың тәрбиесі» тақырыбында пікірлесу сабағы өткізілді. Сабаққа оқушылар белсене қатысты және өз ойларын ортаға салды.



4 сынып оқушыларының қыз балаларымен бірге «Қыз балаларға өнегелі тәрбие беру жолдары» тақырыбында жиналыс өткізілді. Жиналыста қазақ халқындағы қыз тәрбиесі туралы сөз қозғалды. Жиналыс соңында қыздарымызға «Қыз өмірдің қызғалдағы» тақырыбында қыздарға кеңестер парақтары ұсынылды.



Әлеуметтік диспетчерлік бағыттағы жұмыстар: жыл басында мектептегі оқушылардың тізімі алынып, оның ішінде жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған, өгей ата-аналармен бірге тұратын, ерекше білім беруді қажет ететін және мектепшілік есепте тұрған оқушылардың тізімі жасақталды. «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қызметі туралы» үлгілік ережеге сәйкес 2021-2022 оқу жылында «мобильдік топ» құрылып, мобильдік топпен өгей ата-аналармен бірге тұратын, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған бала, мектепшілік есепте тұрған балалардың отбасылық, тұрмыстық жағдайына бақылау жасалды.

«Дұрыс тамақтану» онкүндігі аясында тамақтанатын оқушылардан «Тамақтану оқушылар көзімен» тақырыбында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға оқушылар өз деңгейінде жауап берген. Сонымен қатар «Сенім телефоны» және «Сенім жәшігі» бойынша бұйрық 2021-2022 оқу жылына шығарылып, тіркеу журналдары жүргізіліп отырады. 2021-2022 оқу жылында «Сенім жәшігіне» хат келіп түскен жоқ. Сенім телефонына 2 қоңырау келіп түсті. Қоңырау ата-аналардан жолданды. Қоңырауға жауап беріліп, кеңестер ұсынылды.

ХІІІ. КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

№65 ЖББОМ-нің кітапханасы мектеп директоры бекіткен жылдық жоспары бойынша жұмыс жасайды. 2021-2022 оқу жылында кітапхана қызметкері штаты: кітапханашы-1

Кітапхананың жұмыс кестесі күнделікті сағат 9.00-ден-18.00-ге дейін.

Демалыс күні- сенбі, жексенбі.

Кітапханашы туралы мәлімет.

Аты-жөні	Оқу орыны	Мамандығы	Кітапханашылық еңбек стажы	Қызметі
Жұмабаева М.А	Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университет	Кітапханашы	13	Кітапхана меңгерушісі

Мектеп кітапханасы 1-қабатта орналасқан. Кітапхананың жалпы ауданы -119,4 ш.м.

«Кітап- білімнің бұлағы. Олай болса, ғылым мен техниканың ерекше алға басқан қазіргі кезеңінде кітап адамға рухани байлық ретінде де, бірден бір қазына ретінде де одан әрі қолдана бермек.

Өркениетті елімізде кітапхана ғылыми – ақпараттық орталық қызметін көрсететін мекеме ролін атқаруда. Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие беретін мәдени ошақтың бірі – мектеп кітапханасы. Егемен еліміздің ертеңі болар жас ұрпақтың білімін кеңейтіп, біліктілігін арттыруда мектеп кітапханасының да рухани қазына екені рас. Ол – мектептің жүрегі, ажырамас бір бөлігі іспетті. Жаңа заман талабымен ғаламтор заманы болғанымен, рухани азық іздеген, көзі ашық, көкірегі ояу әр баланың бір қасиетті қара шаңырағы- кітапхана. Кітап-біздің рухани құндылығымыз, теңдесі жоқ байлығымыз. Өткен замандардың тереңінен сыр шертетін тарихы да, әдебиеті де осы кітап арқылы жетіп отырады. Кітапханада оқырмандарға іздену, ақпарат алу және мәдени даму жағдайы қарастырылған мақсатында кітапханада біраз тәрбиелік-танымдық шаралар өткізілді. Мектеп оқушылары кітапханадағы іс-шараларға қуана қатысады, Ал біздің оқырмандарымызға зор денсаулық тілейміз. Кітапханамыздың есігі сіздер үшін әрдайым ашық.

Кітапхана жұмыстарының негізгі бағыттары:

1. Кітапхананың міндеті мен ережесі.
2. Негізгі бақылау көрсеткіштері.
3. Балалардың ынтықсы мен оқу ерекшеліктерін зерттеу жұмыстары.
4. Оқырманды кітапханаға тарту жұмыстарын ұйымдастыру.
5. Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжандылыққа тәрбие жұмыстары.
6. Эстетикалық, этикалық тәрбие негізінде сұлулық, нәзіктік жайлы және өлке тану байланысты насихаттау.
7. Әдет-ғұрып, салт-дәстүрді, тілімізді насихаттауға бағытталған жұмыстар.
9. Оқулыққа байланысты жүргізілетін жұмыстар.

Кітап қорының жағдайы

Кітап қоры және оқушылардың оқулықпен қамтылуы

2021-2022 оқу жылындағы мектеп кітапханасының кітап қоры-13043. Биылғы оқу жылында Қалалық білім бөлімінен 1 сыныптың 49 оқушысына «Әліппе» оқулығы және математика, жаратылыстану, орыс тілі, дүниетану оқулықтары жаңа күйінде таратылды. Сонымен қатар келген жаңа оқулықтар есепке алынып, штамп басылып оқушыларға түгел таратылды. Мектебіміздегі барлық класстарға оқулықтар аз қамтылған оқушыларға жеткілікті деңгейде таратылды.

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР:

Кітап қоры-13043

Оқырман саны-280

Әдістеме-2

Өткізілген іс-шаралар:

Көрме-15

Мәнерлеу оқу-3

Шолу-10

Оқулықпен қамтылуы-100%

Аз қамтылған-100%

Оқырман саны-280

Бүгінгі заманға сай мектеп кітапханасы компьютермен жабдықталған. Кітапханада ғаламтор жүйесі қосылды. Оқу жылы басталысымен кітапханаға келген оқырмандардың және класс бойынша кітапханаға тіркелген оқушылардың формуляры қайта номерленіп тіркеліп, кітапхана күнделігі жүргізіледі. Күнделік ай сайын қорытындыланып есебі жүргізіледі. Оқырмандардың жыл бойы оқыған кітаптары есепке алынып формулярға сараптама жасалады. Ағартушылық, көпшілік, кітап оқуға қызығушылық бағыттағы жүргізілген жұмыстар. Мектеп кітапханасы ағартушылық бағыттағы жұмыстарын оқырмандарға қызмет көрсетуден бастайды. Мектеп мұғалімдері тәрбие сағаттарына сабақтарының тақырыбына байланысты материалдар ізденгенде кітапхананың көмегіне сүйенеді. Ал оқушылар мәнжазба жазуға, үй тапсырмасына қосымша мәліметтер іздегенде ғаламтор жүйесін пайдаланады. Кітапхананың негізгі міндеті оқушыларды кітап оқуға шақырып, кітап құмарлығын арттырып кітап оқу арқылы сөздік қорын, ой-өрісінің дамуын рухани байлығын, шығармашылық қабілетін арттыру. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың “Оқуға құштар – мектеп, оқуға құштар – ұлт” жобасы аясында 2021 жылдың қыркүйек айынан бастап № 65 жалпы білім беретін орта мектеп кітапханасы мен мектеп фойесінде бұрыштар ұйымдастырылды. Сонымен қатар мектеп фойесінде мобильді кітапхана Абай Құнанбаевтың бұрышымен толықтырылды. Кітапханада «Бір ел – бір кітап» акция аясында «Ахмет Байтұрсынұлы 150 жыл» атты кітап көрмесі жасақталды. «Оқуға құштар мектеп бұрышы» және

«Букроссинг» бұрышы – «Өзің оқыда, өзге ұсын» қағидасында негізделінген, адам мен кітап арасын жақындатын, адамның кітапқа деген құштарлығын оятатын, кітап оқуға шақыратын қоғамдық қозғалыстардың бірі. Мектепте «Оқу сағаты» жобасын жүргізу жұмысы да жолға қойылған. Мектеп фойесінде үлкен үзілісте пән мұғалімдері, сынып жетекшілері мен мектеп кітапханашысы бірігіп, балалардың бос уақытын кітап оқып, оны талдауға арнайды. Мектебіміздің бастауыш пәні мұғалімі Алимбетова Балзира апай үлкен үзілісте «Өзің оқысаң, өзге табыс ет» атты оқушыларға кітаптар ұсынып, кітап оқуға шақырды. 3 «А» сынып оқушыларына оқу шапшандығына байланысты Шағырова Венера апай «Кел, тез кітап оқиық» атты шара өткізді. Б.Алтынсарин 180 жылдығына орай бастауыш оқушылары өлеңдері мен әңгімелерін жатқа айтты және 11 сынып оқушылармен «ВЕЛИКОЕ НАСЛЕДИЕ» Ыбырай Алтынсарина тақырыбында үзінділер оқытты орыс тілі пәні мұғалімі Қоразға F. Сонымен қатар қазақтың алаш қозғалысының көсемі, тарихта ойып алатын орны бар біртуар тұлға Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығына орай №12 К.Нокин атындағы селолық кітапханашысы келіп 5 сынып оқушыларына Әлихан Бөкейхановтың өмірі мен қызметі туралы мағұлматтар берді. Оқушыларды оқулықты құрметтей білуге, кітапты ұқыпты ұстауға баулу, оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында мектеп кітапханашысы «Кітап патшалығы шақырады» тақырыбында әр сыныпта апта сайын оқулықтарды ұқыпты ұстауға шақырады.

Қоянбаева Асылгүл апай күзгі каникул кезінде «Абай Құнанбаевтың табиғат лирикасына әдеби талдау жасап және ондағы табиғат құбылыстарын физикалық тұрғыда түсіндірді. ҚР Президенті Қ.Е Тоқаевтың ұсынылған «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына-30 кітап» акциясына және «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша « Ұжымдық оқу сағаты» ұйымдастырылды. Мектеп педагогтары бір ауыздан үн қосып, өз оқыған шығармалары туралы ой бөлісті. Сондай-ақ, кітапханаға көркем әдебиеттерді сыйға тартты. 5 сынып жетекшісі Кәдір Жұлдыздың ұйымдастырумен Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» кітабымен таныстырып, бейнефильм көрсетті. Сүйікті кітаптар бойынша суреттер мен сәндік қолданбалы өнер туындыларынан көрмесі жасалды, технология пәні мұғалімі Амитова Рауза . Бастауыш сынып оқушыларына үлкен үзілісте Амангулова Нүргүл апайдың ұйымдастырумен «Мобильдік кітапхана» алгоритмі ұйымдастырылды . Мұнда мұғалім мектеп фойесінде орналасқан көркем әдебиеттермен QR код арқылы оқушыларды жұмыс жасауға болатындығын айтып оқушылардың «Мобильдік кітапханаға» деген қызушылықтарын оятты. Сонымен қатар онлайн жобасы бойынша «Әжемнің ертегілері» өткізіліп тұрады. Сынып жетекшісі Ершекенова Назгүл 9 «А» сынып оқушыларына 20 минут оқып, 3 минут эссе жазғызды. Ж.Жабаевтың 175 жылдығына орай тарих пәні мұғалімдері дөңгелек үстел өткізіп, оған №9 модульдік Пригород кітапханашылары қатасып кітап көрмесімен таныстырды. 2 «Ә» сынып жетекшісі Алимбетова Балзира апайдың қолдауымен оқушылары бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында балаларға арналған «Балдырған» журналына жазылды. Үзіліс уақытында бастауыш мұғалімдері мен мектеп кітапханашысы бірігіп оқушыларға оқыған кітаптарынан үзінді айтады. «Жаңа ғасыр таланттары» интеллектуалды-олимпиадалық, шығармашылық орталығының ұйымдастырумен «Поэзия! Менімен егіз бе едің?!» атты балалар мен жасөспірімдер арасында өткен республикалық байқауда көркем сөз оқу мақсатында мектебіміздің бастауыш сынып оқушылары орындарға ие болды. «Ілияс оқулары» қатысып 4 «Ә» сынып оқушысы Кенжебай Кәусар жеңімпаз атанды. Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «Алтын әтеш» тақырыбында сурет байқауына қатысып 2 «А» сынып оқушысы Бітімбаева Ақгүлшат 2 орынды жеңіп алды. « Адалдық – адамдықтың белгісі» атты мектеп ұстаздарымен дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге №9 модульдік Пригород кітапханашылары қатысып «Сергіту» тренинг өткізді.

Ертегілер, қиял ғажайып ертегілер , тұрмыс-салт ертегілері және батырлар жыры кітаптарын бастауыш сынып оқушылары қызыға оқуға да. Атап айтсақ Сағындықова Кәусар, Қайрат А, Дулатова Е, Жұмахан, Құрмазаева Е, Сұлтанғалиева А, Машырықов А, Қалдыбаев С, Айбол Е, бос уақытында мектеп кітапханасында кітап оқиды.

11 сынып оқушылары Жамбулов М, Русланқызы М, Адилжан Н. Ерболатқызы А. « Кішкентай Ханзада », «Ақиқат пен аңыз» кітаптарын Елбасы медалы жобасының кітап оқу бағыта кезеңінде белесене оқиды.

Мектеп мұғалімдері бос уақытында әдеби кітаптар оқиды. Мысалы Шағырова Венера Ғ. Мүсіреповтің « Ұлпан» Жайтуғанова Нұрлыгүл Абайдың «Сен де бір кірпіш дүние», Жүсіпова Гүлнұр С. Мұқановтың «Мөлдір махаббат», Ә. Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар», Ершекенова Назгүл Ш. Мұртаза «Соғыстың соңғы жесірі», мектеп психологі Күсебай Қызғалдық Б. Момышұлы «Ұшқан ұя» ., Алимбетова Балзира Сәбит Мұқанов «Сұлушаш», Усманова Жәния Тахауи Ахтанов «Қаһарлы күндер» ., Амангулова Нүргүл Сәбит мұқанов «Сұлушаш», Нағыметова Нүргүл Мұхтар Әуезов «Қорғансыздың күні», мектеп тәлімгері Кәдір Жұлдыз

Б. Майлин « Шұғаның белгісі», Жарылғас Айнұр Орман Памук « Қырмызы», Ақжарбай Мейірхан М. Мақатаев «Өмір өзен» ., Қайнадин Бекбол « Абайдың қара сөздері», Қоянбаева Асылгүл 3. Ахметова «Шуақты күндер» т.б ақын- жазушылардың шығармаларын оқиды. Сонымен қатар «Балалар жылында» Байғанин балалар кітапханасына, Пригородный №9 модульдік кітапханасына және К.Нокин ауылынлағы №12 кітапханаларына барып оқушылар саяхат жасады. Мектеп мұғалімдері бір ауыздан қолдап мерзімді басылымға бірі қалмай жазылды. 1 мамыр Ынтымақ күніне орай № 12 ауыл кітапханасына 6 «А» сынып оқушылар кітап көрмесі қатысты. «Ерлікке тағзым» кітап көрмесі жасақталды. Туғандарына 100 жыл толуына орай Кеңес Одағының Батырлары Талғат Бигелдинов., Мәншүк Мәметова., Хиуаз Доспановаларға көрме жасалып таныстырылды. Сонымен қатар мектеп кітапханасына « Қазақстан. Ұлы Дала Елі. Тәуелсіздік», « Оқуға құштар мектеп», « Абай» бұрышы жасалды. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай ертегі кітаптар және ертегі кітапшалар жасалды. Кітап оқуға

баулу жұмысында, кітапханашы үлкен роль атқарады. Кітапханаға келген әр оқушының сұранысын орындай отырып, оқысы келетін оқушының жас ерекшелігіне көңіл бөлінеді. Кітап оқығанда оқыған кітапбынды біреуге айтып бере алатындай түсініп оқу керек екендігі түсіндіріледі. Биылғы оқу жылында мектеп кітапханасы жоспардан тыс көптеген жұмыстар жүргізді. 2021-2022 оқу жылында мектеп кітапханасының алдына қойған мақсаттары мен міндеттері орындалды.

2022-2023 оқу жылында кітапханаға керекті ұсыныстар:

1. Жаңа оқу жылына мемлекеттік тілде әдебиет жинақтау;
 2. Кітапты, оқулықтарды, ақпарат деген көздерімен бүлдірмеуге үйрету, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу;
 3. Кітапхана, ақпаратқа деген оқырмандардың жан-жақты сұранысын қанаттандыру, оларды оқуға тарту, ынтыландыру;
 4. Тез шұғыл ақпарат алу үшін оқырмандарға жағдай жасау;
 5. Әлеуметтік, желістердегі кітапхана жұмысын насихаттау;
 8. Облыстық, қалалық кітапханаларымен байланыс жасай отырып көшпелі кітап көрмелерін мектепке ұйымдастыру.
 9. « Оқуға құштар мектеп- оқуға құштар ұлт» жобасын насихаттау
 10. Үлкен үзілісте 20 минут кітап оқыту
- 2021-2022 жылға мектеп кітапханасы баспасөзге жазылды. Барлығы: 45 дана

р/с	Баспа атауы	Саны
1	Ақтөбе	23
2	Егемен Қазақстан	13
3	Үштаған	6
4	Ұлан	3

IX. ЛОГОПЕД ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Педагог логопед маманының жылдық жоспарына дамыту және тәрбиелеу жұмыстары жүргізілді. Жүргізілген педагог логопед маманының түзете – дамыту төмендегідей кезеңдермен өтті.

1. Диагностикалық кезең:

1. баланың психо-физиологиялық қалпын үнемі және жан-жақты зерттеу.
2. сөйлеу тілі бұзылыстарының әр түрлі деңгей формаларын зерттеу.
3. таным әрекеттерінің бұзылу белгілерін, деңгейін анықтау.

2. Коррекциялық дамыту кезеңі:

1. баланың даму қалпын ескере отырып қадамдылық бағытта оқыту процессін жүргізу.
 2. түзете – дамыту жұмыстарына ата – аналарды енгізу, тығыз байланыста болу.
 3. әр жас кезеңіне сәйкес танымдық әрекеттерін дамыту.
 4. баланың сақталған компенсаторлық мүмкіншіліктерін зерттеп, анықтап, ескере отырып «Жеке Дамыту Бағдарламасын» құру.

3. Тәрбиелеу кезеңі:

Баланың отбасындағы, қоғамдық орындардағы мінез-құлқын, жеке тұлғаның қоршаған ортада өзін-өзі ұстауға, жаңа ортаға үйренуіне қажетті жағымды қасиеттерін тәрбиелеу.

2021-2022 оқу жылының қыркүйек айында логопедтік тізімде 15 оқушы болды.

№	Аты-жөні	Туған жылы, айы-күні	Сыныбы	Диагнозы	Мекен-жайы

1	Болатов Дамир	20.11.2015	1а	ФЖ	Аманат 10
2	Кенжеғали Нұрғали	23.08.2015	1а	ФЖ	Аманат 19
3	Сапарбай Исмайл	06.05.2015	1а	ФЖ	Новостепановк а 103
4	Бақберген Дастан	11.11.2015	1ә	ФЖ	Жігер 18
5	Бақытжан Арсен	25.11.2015	1ә	ФЖ	Кемеңгер 3
6	Джумашева Қымбат	10.07.2015	1ә	ФЖ	Балауса 3
7	Ілияс Орда	26.09.2014	1ә	ОНР ІІ,ІІІ ур	АСХК2/25
8	Талғат Нұрәли	13.05.2015	1ә	ФЖ	Кемеңгер 43
9	Мұхаммедқали Артур	02.10.2013	2а	ФФЖ	Үркер 45
10	Жаңалы Ернұр	12.01.2014	2а	ФФЖ	Үркер 40
11	Машық Шахкерім	23.05.2013	2ә	ФФЖ	Новостепановк а 68
12	Қайсар Аңсар	24.04.2014	2ә	ФФЖ	Аманат 17
13	Қенгереев Бекзат	08.08.2013	3а	ФФЖ	Ұлан 51
14	Ерболсынқызы Айару	30.04.2012	3а	Стертая дизартрия	Серуен 38
15	Маратова Еркеназ	30.12.2010	4а	ОНР ІІ,ІІІ ур	Үркер 21

Жалпы оқу жылында 15 оқушы болды. Оның қызы-3 , ұлы -12. Ф.Ж-7, Ф.Ф.Ж-5, ОНР 2-3 деңгей-2.Стертая дизартрия-1

Балаларды бақылау нәтижесінде биылғы оқу жылында мектепшілік логопунктке бақылау жұмыстарының қорытындысы бойынша 44 бала тіркеуге алынды. Оның ішінде 8 бала 1-ші сыныптан , 4 бала 2 сыныптан, 2 бала 3- ші сыныптан, 1 бала 4 -шы сыныптан. Әр балаға жеке жұмыс жоспары құрылып, тіл кемістігі бар балалар тіркеуге алынып, түзету сабақтары жүргізілуде. Түзету сабағы аптасына 2 рет сөйлеу тілінде кемістігі бар балалармен жекелей және топтық сабақтар жүргізіледі. Оқушылардың барлығына жеке даму картасы толтырылған. Әр оқушыға сабақ жоспарлары құрылған. Ата-аналарымен келісімшарт толтырылып, балаларының сабаққа қатысуына келісімдерін берді. Мұғалімдермен және ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жасалынды.

Жалпы тілінің дамымауының әртүрлі деңгейіне байланысты құрылған жеке дамыту бағдарламасы бойынша қойылған төмендегідей мақсат- міндеттері:

- сөйлеу тілінің түсінуін қалыптастыру;
- енжар және белсенді сөздік қорларын дамыту;
- белсенді сөйлеу тіліне ынталандыру дамыту;
- байланыстырып сөйлеу тілдерін дамыту, заттық және сюжеттік суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер құрауға ынталандыру;
- артикуляциялық аппараттың икемдігін арттыру, қалыптаспаған дыбыстарды қоюға арнайы жаттығулар қатарын үйрету;
